БЕЙСЕНБІ
№63 (4311)
8.06.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚАТАРМЕН СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК



Мемлекет басшысы Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни бастаған делегациямен кездесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәниге ілтипат білдіре отырып, Астана халықаралық форумына Қатар үкіметі мен бизнес өкілдерін бастап келгені үшін алғыс айтты.

Мемлекет басшысы Қатар Қазақстанның Таяу Шығыстағы маңызды әрі сенімді серіктесі екенін атап өтіп, бүгінгі келіссөздер екі ел арасындағы ынтымақтасты одан әрі дамытуға тың серпін беретініне сенім білдірді.

– Таяу арада екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 30 жыл толады. Бұл – ерекше мерейлі белес. Осы кезеңде біз тиімді мемлекетаралық ынтымақтастыққа қол жеткіздік. Сындарлы саяси диалог құрдық. Былтыр Сіз елімізге мемлекеттік сапармен келдіңіз. Сондай-ақ жуырда Қазақстан Премьер-Министрі Қатарға сапармен барып келді. Бұл – дәстүрлі достық пен берік әріптестіктің айқын дәлелі. Сіз мемлекеттеріміздің арасындағы ықпалдастықты тереңдетуге зор үлес қосып келесіз. Мен мұны жоғары бағалаймын. Қазақ-қатар байланыстарын нығайту үшін Сізбен бірлесе әрекет етуге әрдайым дайынмын. Қатар инвесторларына барынша қолдау көрсетіп, қолайлы жағдай жасаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан Қатарға жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60-қа жуық өнім түрінің экспортын арттыруға дайын. Сондай-ақ іскерлік байланыстарды нығайту үшін екі ел арасында тікелей әуе қатынастарын ашу маңызды.

Өз кезегінде Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни құрмет көрсеткені үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді.

– Астана халықаралық форумына шақыруыңызды қабыл алып, Қазақстанға келіп отырмын. Бұл – мен үшін зор құрмет. Былтыр қазан айында Қазақстанда кездескеннен кейін тағы да жүздесіп отырғаныма қуаныштымын. Бұл – былтырғы келіссөздер барысында бауырлас Қазақстанмен арадағы қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуын пысықтауға тағы бір мүмкіндік. Менімен бірге Қатардың іскер топтарынан құралған үлкен делегация келді. Бұл екі елдің арасындағы ынтымақтастықтың табысты болуына жол ашады деп ойлаймын. Түрлі саладағы екіжақты қарым-қатынас қарқынды дамып келеді. Біз басқа да бағыттардағы ынтымақтастықтың ауқымын кеңейтуге ниеттіміз, – деді шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни.

Кездесу барысында тараптар еліміздің Қатар инвесторларымен мұнай-газ, тау-кен және металлургия, ауыл шаруашылығы, медицина, қаржы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективаларын талқылады. Сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы өзара тиімді ынтымақтастық мәселелерін қарастырды.

ЮНЕСКО-мен ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС АРТА БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одрэ Азулені қабылдады.

Кездесу басында Одрэ Азуле Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Бурабай» және «Марқакөл» қорықтары биосфералық резерваттардың жаһандық желісіне, сондай-ақ «Ортеке» музыкалық-қуыршақ өнері ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгенін растайтын сертификаттарды табыстады.

Сонымен қатар Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы мәдени және тарихи мұраларды сақтау, білім және ғылым саласындағы халықаралық байланыстарды кеңейту ісіндегі ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Одрэ Азулеге ілтипат білдіре отырып, оның ЮНЕСКО Бас директоры ретіндегі көшбасшылығын жоғары бағалайтынын, сондай-ақ ұйымды одан әрі нығайтуға бағытталған қызметіне қолдау көрсететінін атап өтті.

Президент Бас директорға Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барғаны үшін алғысын айтты. Сондай-ақ оның Түркістанға сапарын азаматтарымыз жылы қабылдағанын жеткізді.

– Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін аса маңызды. ЮНЕСКО біз үшін ерекше ұйым әрі басымдыққа ие. Біз осы өзара қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін бар күш-жігерімізді жұмсаймыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы климат, биоалуантүрлілік және су ресурстары салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыруға Қазақстанның ниетті екенін жеткізді.

Жақын арада Өңірлік көпсалалы кеңсе болып қайта құрылатын Алматы қаласындағы ЮНЕСКО бюросының қызметі – Қазақстанның осы ұйыммен табысты байланысының жарқын мысалы.

Өз кезегінде Одрэ Азуле қазақ жерінде қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ ол ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мәдени мұралары тізіміне енген Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барған кезде алған әсерін бөлісті.

ЮНЕСКО-ның Бас директоры Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформаларға, соның ішінде азаматтық қоғамды нығайтуға, білім және мәдениет саласын дамытуға қатысты бастамаларына жоғары баға берді.

– Менің Қазақстанға жасаған сапарым Сіздің еліңіздегі маңызды стратегиялық кезеңмен тұспа-тұс келді. Сіз ауқымды реформа жүргізіп жатырсыз. Бұл істе сіздің президенттік мандатыңыз шешуші рөл атқаруға тиіс, – деді Одрэ Азуле.

ҚАЗАҚСТАН – ЕҚЫҰ-ның БЕЛСЕНДІ МҮШЕСІ

Мемлекет басшысы ЕҚЫҰ Бас хатшысы Хельга Шмидпен кездесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана халықаралық форумына қатысуға келгені үшін Хельга Шмидке алғыс айтып, аталған форум Батыс пен Шығыс арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал ететін жаңа алаң екеніне назар аударды.

– Сіз бастап келген ЕҚЫҰ делегациясы осы форумда көптеген түйткілді мәселелердің оң шешілуіне елеулі үлес қосады деп санаймын. Өкінішке қарай, қазір әлемде ондай проблемалар бар. ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастықты нығайту Қазақстан үшін басым бағыт саналады. Бізді ұйымның рөлі туралы пікірлер қайшылығы алаңдатады. 2010 жылы Астанада өткен саммиттен кейін министрлер деңгейінде де, басқа форматта да бірде-бір ресми құжат қабылданған жоқ. Әрине, бұл – алаңдатарлық жайт. Біз ұйым аясындағы байланыстарды нығайту қажет екеніне бұрынғыдай кәмілсенеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

УАЭЛЬ САУАНМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Shell концернінің бас атқарушы директоры Уаэль Сауанмен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа трансұлттық компанияның энергетика және мұнай химиясы салаларында жүзеге асырып жатқан жобалары туралы мәлімет берілді. Кездесу барысында Қазақстан мен компанияның мұнай-газ саласындағы ынтымақтастығының перспективалары талқыланды.

ӘКІМНІҢ БАЯНДАМАСЫН ТЫҢДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың сумен қамтамасыз етілу жағдайы туралы Жеңіс Қасымбектің баяндамасын тыңдады. Әкімге қысқа мерзімде тек сумен қамтамасыз ету саласында ғана емес, сонымен қатар қаланың маңызды басқа да жүйелерінде дағдарыс жағдайын түбегейлі болдырмау үшін жүйелі және жедел шаралар қабылдау тапсырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қалыптасқан жағдай Президент Әкімшілігінің бақылауында болады.

ЖАСТАР НЕ ОҚЫП ЖҮР?

«Қазіргі жастар кітап оқымайды» деген пікірді ересектерден жиі естиміз. Бұл пікір қаншалықты дұрыс? Жастар расымен де, Шаханов айтпақшы, «компьютербасты жарты адамдарға» айналып бара жатыр ма? Әлде олар оқитын дүние бұрынғы әдебиеттерден басқаша ма? Осы сұрақтарға жауап іздеп, жастар арасында сауалнама жүргіздік.

8 ▸▸

«ОСЫ ЖӨТЕЛ КЕТЕР МЕ ТАМАҒЫМНАН»...

Көптеген инфекциялық аурудың емі табылып, вакцинация жүргізу арқасында соңғы жарты ғасыр уақытта жоғалып барады. Алайда екпесі бар болса да, қаупі сейілмеген, медицина саласының қатаң бақылауынан шығып кетсе, қайта өршіп халыққа қатер төндіретін аурулар аз емес.

5 ▸▸

ӘШІМБАЕВ ИЗРАИЛЬ КНЕССЕТІНІҢ СПИКЕРІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған бір топ Парламент депутаты Израильге сапармен барды. Сапар барысында Мәулен Әшімбаев Кнессет Спикері Амир Оханамен кездесіп, екі ел арасындағы парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселесін талқылады.

Өз сөзінде Сенат Төрағасы Израиль Қазақстанның Таяу Шығыстағы маңызды серіктестерінің бірі екенін айтты. Сондай-ақ ол парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі жандандырудың маңызды екеніне назар аударып, заң шығару қызметі бойынша өзара іс-қимылды дамыту жөніндегі пікірімен бөлісті.

«Қазақстан Парламенті мен Израиль Кнессеті арасындағы ынтымақтастық екіжақты қарым-қатынастың ажырамас бөлігі екені сөзсіз. Біз үшін Израильдің заң шығару қызметіндегі, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық және инновациялық дамуды құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету, парламенттік бақылауды жүзеге асыру бағытындағы тәжірибесі маңызды. Алдағы уақытта осы және басқа да салалар бойынша тәжірибе алмасуға мүдделіміз. Бұл ретте Сенат пен Кнессеттің салалық комитеттері мен достық топтары арасындағы байланысты нығайтудың берері мол екені анық», – деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалардың нәтижелері де сөз болды.

Өз кезегінде Кнессет Спикері Амир Охана Қазақстанда қолға алынған қоғамдық-саяси өзгерістерді жоғары бағалап, алдағы уақытта барлық бағыт бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін білдірді.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев екі ел арасындағы сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстың әлеуеті зор екенін атап өтті. Сенат Төрағасы бұл ретте тікелей шетелдік инвестицияларды тарту мәселесіне ерекше назар аударды.

«Қазақстанда Мемлекет басшысының бастамасымен ұлттық экономиканы әртараптандыруға арналған ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Соның аясында шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға баса мән беріліп, тиісті жұмыс атқарылуда. Осы орайда біз ауыл шаруашылығы, жасыл энергетика, медицина салаларындағы жобаларды израильдік компаниялармен бірлесіп іске асыруға мүдделіміз. Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орында тұр. Бізге осы аумақты игеру және ауыл шаруашылығын дамыту үшін жаңа технологиялар қажет», – деді Палата Спикері.

Сондай-ақ сұхбат кезінде Израильдің суды тұщыландыру қондырғыларын салу, суды бақылау және цифрлық есепке алу, су шаруашылығын дамыту мәселелеріндегі тәжірибесі сөз болды. Қазақстан Парламентінің депутаттары осы бағыттағы озық үлгіні зерделеу үшін Израильді ауызсумен қамтамасыз ететін мемлекеттік компанияның жұмысымен танысты. Одан бөлек, бүкіл ел бойынша су құбыры желісін басқарушы мекеменің қызметіне назар аударды.

БҰЛ САПАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев ЕҚЫҰ-ның Бас хатшысы Хельга Шмидпен кездесті.

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастықты нығайту жолында бұл сапардың маңызы зор екенін айтты. Сондай-ақ ол біздің еліміз ЕҚЫҰ-ны халықаралық қауіпсіздіктің заманауи келбетін қалыптастыруға белсенді қатысып келе жатқан маңызды институт ретінде қарастыратынын жеткізді.

«Қазақстан ЕҚЫҰ-мен барлық негізгі бағыт бойынша нәтижелі қарым-қатынас орнатты. Сенат үшін парламентаралық ынтымақтастық басымдыққа ие. Біз ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясымен байланысты одан әрі дамытуға мүдделіміз. Парламенттік Ассамблея халықаралық деңгейде қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа қатысты негізгі міндеттерді шешу жолында зор мүмкіндікке ие екені сөзсіз», – деді Палата Спикері.

Сонымен қатар кездесуде көлік және логистика, климаттың өзгеруі, экология, су ресурстарын басқару сияқты бірқатар өзекті мәселе әңгімеге арқау болды.

Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың іске асырылу барысына да тоқталып, мұндай өзгерістер еліміздің қарқынды дамуын қамтамасыз ететін құқықтық негіз қалыптастыратынын айтты.

ҚАЗАҚСТАН – ЕҚЫҰ-ның БЕЛСЕНДІ МҮШЕСІ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан – ЕҚЫҰ-ның белсенді мүшесі. Президент еліміздің ЕҚЫҰ-мен арадағы өзара тиімді серіктестік және ашықтық рухындағы тығыз қарым-қатынасын одан әрі нығайтуға және осы ұйымның Бас хатшысы Хельга Шмидке жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін мәлімдеді.

Өз кезегінде Бас хатшы Хельга Шмид Астана халықаралық форумына қатысуға шақырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Дұрыс айтасыз. Қазір күрделі кезең деп ойлаймын. Қиындықтарға қарамастан, ЕҚЫҰ бірегей диалог алаңы ретінде қызметін жалғастыра береді. Сондай-ақ Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы белсенді рөлін оң бағалаймын. Сіз Астана саммиті туралы айтып өттіңіз. Мен ол жиынға қатыстым. Дұрыс айтасыз, бұл соңғы саммит болды. Астана декларациясы – шын мәнінде, ұйымның қызметін реттейтін маңызды құжаттардың бірі. Мен Астана форумында сөйлейтін сөзіңізді асыға күтемін. Қазір мәмілеге келу үшін бір-біріміздің пікірімізге құлақ асу өте маңызды деп ойлаймын. ЕҚЫҰ-ның негізі міндеті де – осы, – деді ЕҚЫҰ Бас хатшысы.

Кездесуде Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен оның даму перспективалары талқыланды. Сондай-ақ аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.

БЫЛТЫРҒЫ БЮДЖЕТТІҢ ОРЫНДАЛУЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Уақыт жағынан алғанда Парламент Мәжілісінің кешегі өткен жалпы отырысы биылғы IIX шақырылымда ең ұзақ күн тәртібімен ерекшеленді. 13 мәселе қаралған жиында депутаттар түске дейін 2022 жылғы бюджеттің орындалысын талқылады. Қалай дегенде де, мәжілісмендердің бұл күнді қатты күткені байқалды. Ал түстен кейін «Масс-медиа туралы», «Шетелден активтерді қайтару туралы», «Прокуратура туралы» сынды тағы басқа заң жобаларын талқылады. Жалпы отырысқа Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов төрағалық етті.

Сонымен, түске дейін Мәжілістің жалпы отырысында Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев пен Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Наталья Годунова 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін жария етті. Былтырғы бюджеттің игерілуі туралы баяндама жасаған Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев 2022 жылы пандемиядан кейін экономиканың біртіндеп өсіп, іскерлік белсенділіктің жандануы байқалғанына назар аударды.

«Өткен жылы елдегі жалпы ішкі өнім 3,3 пайызға өскен. Азық-түлік пен шикізат бағасының әлемде қымбаттауынан Қазақстандағы инфляция деңгейі де қалыпты көрсеткіштен асып, 20,3 пайызды құраған. Былтыр бюджет шығыстары 56 стратегиялық бағыт бойынша жұмсалды. Мемлекеттік органдардың даму жоспарларының 219 нысаналы индикаторына қол жеткізілді. Оларды іске асыру еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін берді», – деді ол.

Келесі баяндамашы, Жоғары аудиторлық палатасының төрағасы Наталья Годунованың баяндамасында еліміздегі қаржы саласындағы, соның ішінде бюджеттің орындалысына қарасты өзекті проблемалар көтерілді. Ол бюджет қаражатын ұтымсыз жұмсау мердігерлер мен жеткізушілер арқылы көбірек жүзеге асырылатынын мәлім етті.

«Біз бюджет шығыстарын қойылған стратегиялық мақсаттарға байланыстыруды сол күйі үйрене алмай қойдық. Салдарынан жалпыұлттық міндеттерге қол жеткізуге ешқандай әсер етпейтін іс-шараларға қомақты ресурстарды жұмсадық. Ұлттық жобаларды әзірлейміз, алайда іске асырылған екінші жылында олардың күшін жоямыз. Барлығы орындалып жатқан сияқты көрінеді, бірақ беретін әсері күмәнді. Бір жақтан мыңдаған жұмыс орны құрылып жатса, екінші жағынан Еңбек министрлігі жұмыссыздардың саны өседі деген болжам айтып отыр. Алынатын экономикалық әсер соңына қалдырылған. Жобалық қуатты кеңейту және оған шығу үш-бес жылдан кейін жоспарланған. Ал мұны ешкім бақыламайды», – деді Наталья Годунова.

Осыдан кейін отырысқа шақырылған Үкімет мүшелері Мәжіліс депутаттары тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. Ал осы тақырып бойынша қосымша баяндамашы, Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ұласбек Сәдібеков 2022 жылға арналған республикалық бюджеттің жоспарланған параметрлері орындалғанына қарамастан, игерілген қаражат пен бюджетті қалыптастыру кезінде жоспарланған көрсеткіштер арасында нақты байланыс жоқтығын, тиімсіз жоспарлаудың салдарынан бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға жол беріліп отырғанын айтты.

«Бұл стратегиялық мақсаттарға деген формальды қатынасты және стратегиялық және бюджеттік жоспарлау сапасының төмендігін көрсетеді. Осылайша, 2022 жылы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының көлемі 421 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өзара және жергілікті атқарушы органдармен іс-қимылдары сәйкес келмейді. Мәселен, аймақтарды дамытуға бөлінген 1 трлн 79 млрд теңге нысаналы трансферт, оның 64 пайызы Ұлттық қор есебінен берілген. Ал 63 млрд теңгесі игерілмей қалды дейік. Бұл көрсеткіштердің артында қаншама мәселе тұр. Суға, канализацияға, газбен жабдықтауға қол жеткізе алмай жүрген халық, денсаулық сақтау объектілері тапшы өңірлер бар», – деді депутат.

Депутат Елнұр Бейсенбаев елдегі қымбатшылық пен инфляция, соның салдарынан халықтың несиемен күн көруге мәжбүр болып отырғанын айтты.

«Халық тапқан-таянғанының жартысынан көбісін азық-түлікке жұмсауға мәжбүр. Бізді осы орнаған жағдайдың өзгермей отырғаны алаңдатады. Халықтың мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдауға тәуелділігі әлі де жоғары деңгейде екені байқалады. Еліміздегі әрбір азаматтың еңбек табысының 3/1 бөлігі осы қолдаумен жамалып отыр. Бұл пандемияға дейінгі кезеңнен едәуір жоғары (2022 жылы – 31 пайыз, 2018 жылы – 29 пайыз, 2015-2016 жылдары – 23 пайыз). Оған қоса, халықтың несие алу деңгейі де өте жоғары. Мысалы, 2022 жылы тұтынушылық несие – 30 пайызға, яғни 13,2 трлн теңгеге дейін өсті. Бұл – бюджетке түсетін салықтық түсімдермен шамалас қаражат. Яғни, аталған көрсеткіш – халықтың төлем қабілетінің төмендеуінің көрсеткіші, яки бір қарызды екінші қарызбен жамап жүрген халықпыз», – деді депутат.

Сонымен, Мәжіліс Үкіметтің 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін мақұлдады. Төменгі Палатадағы 94 депутаттың екеуі жиынға қатыспаған болса, қалған 73 депутат жақтап, 12 депутат қарсы дауыс беріп, 7 депутат қалыс қалды. Үкімет есебіне түйінді бағасын берген Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов өтіп кеткен бюджетті сынға алған соншалықты дұрыс емес екеніне де назар аударды.

«Бүгін жан-жақты талқылау болды. Өте маңызды ұсыныстар айтылды. Қатты да әңгімелер айтылды. Біз Үкіметтің есебін жыл сайын тыңдап келе жатырмыз. Үкімет жылдан жылға бюджеттің жоғары деңгейде игеріліп жатқаны туралы мақтанышпен баяндайды. Игерілмеген қаржы бойынша айтатын себептері де жыл сайын өзгермейді. Өзгеретін – тек баяндамашылар және сұрақ қоятын адамдар. Десе де, өтіп кеткен бюджетті сынға алған соншалықты дұрыс емес деп санаймын. Өйткені орындалған бюджет қайта оралмасы анық. Сондықтан да алдын алу мәселелеріне көбірек көңіл бөлген дұрыс. Мәселен, алдағы уақытта Мәжіліске келіп түсер Бюджет кодексінің кезінде және Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларды қарау барысында бүгінгі айтылған сын-тілектерге назар аудару қажет», – деді ол.

ЦИФРЛЫҚ АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясы жанындағы Экономика, цифрландыру және инновацияларды дамыту мәселелері жөніндегі Республикалық кеңестің отырысында цифрлық алаяқтыққа қарсы күрес жүргізу және дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі талқыланды.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахманов Кеңес мүшелеріне еліміздегі интернет-алаяқтыққа қарсы қабылданып жатқан шараларды, атқарылып жатқан жұмысты баяндады.

«Тұтынушылық онлайн несиелеу саласын реттеуді қатаңдату және қаржылық қызмет тұтынушыларының құқығын қорғауды күшейту бойынша бірқатар шара қабылдануда. Атап айтқанда, банктен және микроқаржы ұйымынан несие алудан азаматтардың ерікті түрде бас тартуының заңнамалық тетігін енгізу жоспарлануда. Алаяқтардың бір мезгілде бірнеше несиелендіру ұйымынан қарыз ресімдеуіне жол бермеу үшін жеке тұлғаларға берілген несие туралы мәліметті міндетті түрде несиелік бюроларға онлайн режимде беруді енгізу ұсынылады», – деді ол.

Кейінгі үш жылда Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі электрондық ақпараттық ресурстарда дербес деректерді қорғау шараларын сақтау бойынша 100-ге жуық тексеру жүргізді. Соның нәтижесінде, жалпы сомасы шамамен 5 млн теңге көлемінде айыппұл салынды.

«Айыппұл көлемін арттыру керек. Себебі операторлар үшін заң бұзушылықтың алдын алудан гөрі айыппұл төлеп құтылу оңай болып отыр. Сонымен қатар құқықбұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартудың ескіру мерзімін ұзарту қажет. Сондай-ақ банк қосымшасына дербес деректерді қорғау, ақпараттық қауіпсіздік және қаржылық тәртіп бойынша азаматтарға арналған оқыту курсын енгізуді ұсынамыз. Дұрыс жауап берген тұлғаға Playmarket-те пайдалануға болатын бонус ұсынуға болады. Бұл қадам ақпараттық мәдениетті арттыруға ықпал етеді», – деді ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Руслан Әбдіқалықов.

Өз кезегінде, Кеңес төрағасының орынбасары Аманжан Жамалов интернет-алаяқтықпен күрес жүргізу кезіндегі қаржы институттарының жауапкершілігіне назар аударды.

«Алаяқтық жолмен ресімделген қарыздың күшін жою жұмысы бірнеше жылға созылады. Бұған азаматтардың денсаулығы да, шығыны да жетпейді. Тұтынушы емес, алаяқтыққа жол берген қаржы ұйымы жауапкершілікке тартылады деген түзету енгізілсе әділ болар еді. Ал бүгінде ұйым қаражаттың алаяқтық жолмен ресімделгенін біле тұрып, коллекторға жүгінеді. Азамат болса, ешқандай несие ресімдемегенін дәлелдеуге мәжбүр», – деді ол.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева партиялықтар құзыретті мемлекеттік органдарға осы мәселеге қатысты бірқатар ұсыным жолдайтынын, сондай-ақ бұл ұсынымдар Парламенттің төменгі палатасында ақпараттық қауіпсіздік туралы заң жобасын әзірлеп жатқан жұмыс тобына жіберілетінін атап өтті.

«Мемлекет дербес деректерді қорғай білуі керек. Әкімшілік және техникалық қадағалау болуға тиіс. Алайда жауапкершіліктің көп бөлігі азаматтарға жүктеледі. Сондай-ақ алаяқтық әрекеті көбінесе азаматтар дербес деректерін өздері қалдырған кезде жүзеге асып жатады. Өкінішке қарай, елімізде ақпарат гигиенасы әлі де жоғары деңгейге жете қойған жоқ. Алаяқтардың айла-шарғысы да таусылар емес. Олардың бір әрекеті үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілген сәтте іле-шала екіншісі пайда болады. Мемлекет интернет қылмыстардың санын азайту үшін қолдан келгеннің бәрін жасап, алдын алу шараларын қабылдауы керек. Өз кезегінде, азаматтар да дербес деректерінің мүкіят болуы тиіс», – деп түйіндеді ол.

Айта кетейік, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында дербес деректерді қорғау мен интернетке жеке ақпараттың таралып кетуіне қатысты қылмыстар үшін жазаны қатаңдату жоспарлануда. Бұған қоса, «AMANAT» партиясы интернет-алаяқтарға қарсы тұру үшін адамның бет-әлпетін танитын жаңа технологияларды әзірлеуге атсалысады.

Еске сала кетейік, бұған дейін «AMANAT» партиясы Halyk bank-пен бірге халықтың қаржылық сауатын арттыруды көздейтін «Қарызсыз қоғам» жобасын қолға алған еді. Осы уақыт аралығында 6 мыңнан астам отандасымыз оқытылды. Жалпы, жобаның алғашқы кезеңінде бас-аяғы 80 мың адамды оқыту жоспарлануда. Курсқа жазылу үшін тұрғылықты жері бойынша «AMANAT» партиясының аудандық филиалына хабарласу қажет. Жобаға қатысушылар күндізгі форматта сауатын арттырып, бір топта 50 адамға дейін оқытылады. Оқу процесінің ұзақтығы – 5 жұмыс күні.

МОБИЛЬДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ – ӨҢІРЛЕРДЕ

«AMANAT» Мобильді қоғамдық қабылдау бөлмелерінің өңірлерге сапары жалғасуда. Осы аптада партиялықтар Шымкент қаласына және Павлодар облысына барды. Қабылдауға барлығы 100-ге жуық адам келді.

Шымкентте аманаттықтар жол сапасына қатысты шағымданған Бозарық шағынауданының тұрғындарымен кездесті. Олардың айтуынша, көктем мен күз мезгілінде жауын-шашынның салдарынан Егемен Қазақстан көшесімен жүру мүмкін емес.

«Бұл көшеге 15 жылдан бері асфальт төселмеген. Жаңбыр жауған күні балалардың мектепке, балабақшаға баруы қиындайды. Өзіміз тас төсеп те амалдадық. Алайда асфальт төселмеген соң жаяу жүргіншілер былай тұрсын, көлікпен жүрудің өзі мұң», – дейді жергілікті тұрғын Жомартбек Найзатаев.

Партияның қалалық филиалының төрағасы Бахадыр Нарымбетов мәселе жақын арада шешілетінін атап өтті.

«Жергілікті халықтың өтінішін тыңдап, аталмыш көшеге асфальт төсеу жұмысын бес күнде бастауды тапсырдық. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы тарапынан тиісті жұмыстар атқарылып, мердігер компания анықталған. Енді аз уақыт ішінде Егемен Қазақстанның тұрғындары үшін көптен күткен жол мәселесі оң шешімін таппақ», – деді ол.

Павлодар облысында партиялықтар Солнечный кентіне барды. Тұрғындар бос тұрған коммуналдық пәтерлерді қалпына келтіруді, мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізуді, қоқыс жәшіктерін орнатуды және әлеуметтік маңызы бар нысандарға пандустар орнатуды сұрайды.

«Амбулатория ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу қажет болып тұрғанына көп жыл болды. Дәлізде кезек күтіп тұрғанда төбесі құлап кетер ме екен деп қорқамыз. Ол жер емделушілерге де, дәрігерлерге де қауіпті. Айтпақшы, бізде дәрігерлер тапшы, әсіресе тар шеңбердегі арнайы мамандар жетіспейді», – деді жергілікті тұрғын Хадиша Сахаба.

Бұған жауап ретінде мобильді қоғамдық қабылдау бөлмесінің мүшелері күрделі жөндеу жұмысы келесі жылы жүргізілетінін, ал биыл жобалау-сметалық құжаттама әзірленетінін айтты. Тар шеңбердегі мамандарға келетін болсақ, Екібастұз қаласының емханасынан айына бір рет кардиолог, невропатолог және эндокринолог, аптасына бір рет гинеколог келіп қабылдау өткізеді.

Осы күні аманаттықтар Құлакөл ауылының тұрғындарымен кездесті. Олар мектеп ғимаратын жөндеуді, су құбыры желілерін сенімгерлік басқаруға беруді, балабақшаға ойын алаңын орнатуды сұрады. Сондай-ақ ауыл тұрғындары үшін басты мәселе – кірме жолды жөндеу.

«Жолдың бәрі шұңқырланып қазылып кеткен, асфальттың орнына қиыршық тас салынды. Жолды жергілікті карьерлерден қиыршық тас таситын жүк көліктері бұзады. Жол мұндай ауыр салмақты көліктерге есептелмеген, олар өздеріне арналған техникалық жолды жасап алсын. Осыған байланысты жедел жәрдем тез жете алмайды. Біз Астана мен Павлодар арасында тұрамыз, бірақ жолымыз нашар», – дейді жергілікті тұрғын Ғалым Қасымов.

Осы орайда облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясының депутаты Александр Толмачев Теміржол ауылдық округінің бюджетінен жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін 2,7 млн теңге бөлінгенін, ал жөндеу жұмысы келесі жылы басталатынын айтты.

«Тұрғындардың үлкен қалаларға көшіп кетпей, өз ауылының жағдайына алаңдап отырғаны қуантады. Мұндағы мобильді қоғамдық қабылдаулардың басты міндеті – азаматтардың өзекті мәселелерін шешуге жәрдемдесу, мемлекеттік органдарға жеткізу және олардың шешімін бақылау. Көптеген мәселе бюджеттен қаражат бөлуге келіп тіреледі. Сондықтан біздің осындай қабылдауларымызға мәслихат депутаттары қатысады», – деп атап өтті «AMANAT» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау меңгерушісінің орынбасары Азамат Біржанов.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «AMANAT»-тың кезектен тыс XXII съезінде партия жұмысын қайта жандандыруды тапсырып, партияның қоғамдық қабылдау бөлмелері шағымдармен ғана емес, елді дамыту бойынша нақты идеялармен келетін азаматтар үшін тартымды орынға айналуы керек екенін айтқан болатын.

Еске сала кетейік, қазақстандықтар өздерін мазалаған мәселелері бойынша «AMANAT» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесіне келесі байланыс нөмірлері арқылы хабарласа алады:

Call-орталық: 8 800 080 4441 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін);

WhatsApp: 8 700 800 4441;

E-mail: komek@amanatpartiasy.kz.

Қабылдауға жазылу қабылдау өткізілетін күнге дейінгі кемінде 3 күнтізбелік күн бұрын жүзеге асырылады.

Сонымен бірге партияның Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің базасында отбасы, әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «111 шұғыл қызметі» арнайы байланыс орталығы жұмыс істейді.

ПАРТИЯЛАСТАР КӨШЕНІ ЖӨНДЕДІ

Орал қаласындағы Ахмирова көшесінің жолы «Саудагер» бастауыш партия ұйымы мүшелерінің күшімен жөнделді. Аманаттықтар шамамен 10 млн теңге қаражат жинап, мердігерлерді жалдады. Асфальт бар болғаны бір күн ішінде төселді.

Жолдың нашарлығын айтып, жергілікті тұрғындар жылдар бойы мемлекеттік органдардың табалдырығын тоздырған еді. Алайда олардың проблемасын тек «AMANAT» партиясы құлақ асты.

«Осында тұрып жатқаныма 20 жылдан астам уақыт болды. Осы уақыт ішінде бірде-бір рет жол салынбады да, жөндеу де жүргізілмеді. Көктем мен күз маусымдарында балаларымыз да, көше тұрғындары да балшық кешіп жүреміз. Ал жазда шаң, есік-терезелерді ашу мүмкін емес. Бірнеше рет жергілікті атқарушы органдарға бардық, бірақ ешқандай өзгеріс болмады. «AMANAT» партиясына барғаннан кейін ғана мәселе шешімін тауып, жол салынды. Партияға рақмет!», – деді Орал тұрғыны Райса Бақтыгереева.

Тұрғындардың өтініші қалалық мәслихаттағы «AMANAT» партиясының депутаты Нұргүл Ашықоваға жетіп, ол бірден азаматтардың өзекті мәселесін шешуге атсалысқан.

«Мәселені шешу үшін көше тұрғындарының өтінішін қала әкімдігіне депутаттық сауал ретінде жеткіздім. Дегенмен жергілікті атқарушы органдағылар аталмыш көшенің жоспарға енгізілмеген айтты. Сондықтан Ахмиров көшесінде тұратын партия мүшелері – кәсіпкерлер тобы бірігіп, өз қаражатымызға асфальт төсеттік. Бұл қаламыздың орталығы саналғанымен, соңғы 20 жылдан астам уақыттан бері ешқандай жөндеу көрмей, тозтозы шығып жатқан көшелердің бірі болатын. Осылайша, ауызбіршілігі жарасқан кәсіпкерлерден құралған «AMANAT» партиясының «Саудагер» бастауыш партия ұйымы мүшелері бірігіп, халық үшін игілікті іс жасады», – деді депутат.

Дайындаған Нұрлан ҚОСАЙ

«ӨРЛЕУ» ЖОБАСЫ: ЖАСТАРҒА БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРІЛДІ

Қызылорда облысында түрлі бағыттар бойынша практикалық және қазіргі заманғы тәжірибе беру үшін үздік менторларды жинақтап, жастармен диалог алаңдарын қалыптастыру, олардың бизнес-идеяларына қолдау көрсету, жастарға бағытталған мемлекеттік қолдау алуға кеңес беру мақсатына «Өрлеу» жобасы аясында кездесу өтті.

«AMANAT» партиясының облыстық филиалы жанындағы «Jastar ruhy» жастар қанатының ұйымдастыруымен өткен кездесуде білім алушы студент және ауыл жастарының әлеуетін дамытуға арналған бірнеше бағыттар жайлы айтылды. Басқосуда «Өрлеу» жобаның облыс бойынша жас менторы Серікбай Нұрбол қатысушылармен пікір алмасып, көшбасшылық бойынша тренингтер ұйымдастырды.

«Қазіргі қоғамда бәсекеге қабілетті жас сұраныска ие маман. Мемлекет басшысы атап өткендей, жастар үнемі жетіліп отыруға тиіспіз. Бір ғана мамандықтың иесі болып қана қоймай, жан-жақты дамып білім алуға дағдыланған жөн», – деді жас ментор Н.Серікбай.

Кездесуге қатысушы Акерке Бақыт тренинг барысында жоба жазу бойынша инсайт жинақтап, алдағы уақытта мемлекеттік шағын гранттар байқауына қатысатынын жеткізді.

Сонымен сөз қозғалды десек болады. Енді азаматтар, өздері бастама көтеріп мекемелер мен ұйымдарды барып тексере алады. Әрине, әзірге бұл «Қоғамдық бақылау туралы» деген заң жобасы ғана. Ол күшіне енген күнде қоғамдық бақылау қозғаушы күшке айналатынына сенім мол. Осы ретте «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, жұмыс тобының мүшесі, Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменовамен сұхбаттасқан едік.

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА, *Мәжіліс депутаты:*

БҰЛ ЗАҢҒА ҚАРСЫЛЫҚ ҚАТТЫ БОЛДЫ...

– Жұлдыз Досбергенқызы, бұл заң жобасының Мәжілісте жатып қалғанына көп болды. Шамасы депутаттарға әуелгі Үкімет берген нұсқа ұнамаған болу керек. Ендеше бұл құжат қаншалықты пәрменді болады деп санайсыз?

– Иә, «Қоғамдық бақылау туралы» бұл заң жобасы Мәжіліске 2021 жылдың қараша айында түскен болатын. Бірақ, Үкімет пен министрліктер дайындайтын заңның сапасы мен риторикасын өзіңіз білесіз ғой. Сондықтан да сол кездегі құжат пен өткен сәрсенбі күні Мәжілістің жалпы отырысында екінші оқылымда мақұлданған заң жобасының айырмашылығы жер мен көктей деуге болады. Ең басында мемлекеттік органдарда «бізде Қоғамдық кеңестер бар емес пе, қоғамдық бақылау функциясы қаншалықты қажет» деген ұстанымда болды. Бірақ біз өз дегеніміздің қайтпадық. Қоғамдық кеңестер – әр мекеменің жанынан құрылған консультативті органдар ғана. Ол жердің өзінің құрамы, өзінің бекітілген жоспары бар. Олар сол жоспар аясындағы мәселелерді көтерумен ғана шектеледі. Азаматтар онда тек ұсыныстар жолдай алады немесе заң жобаларын жария талқылауға қатыса алады. Ал Қоғамдық бақылау дегеніміз ауқымы одан да кеңірек және мүлдем басқа функцияларды атқаратын тетік. Ол негізгі 3 форманы қамтиды, олар – Қоғамдық талқылау, Қоғамдық мониторинг және Қоғамдық сараптама. Осыларды пайдалана отырып, еліміздің 18 жасқа толған, соттылығы жоқ және тағы да басқа талаптарға жауап беретін азаматтары немесе халықаралық ұйымдардан қаржыландырылмайтын кез келген үкіметтік емес ұйым ел аумағындағы мемлекеттік орталық органдары, квазимемлекеттік сектор субъектілерін, әскери нысандар мен дербес білім беру ұйымдарын қоғамдық бақылау мақсатында тексере алады. Ең негізгі ерекшелік – осы.

Біздің тарапымыздан енгізілген нормаларға келсек, «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорына қоғамдық бақылау енгіздік. Бұл қордың жұмыс істейтін өз алдына жеке заңы бар. Онда қоғамдық бақылау қоғамдық кеңес арқылы жүзеге асырылады деген бап бар. Біз онымен келіспейтінімізді айтып, қарсылық білдірдік. Есіңізде болса, осыдан дәл 1 жыл бұрын конституциялық реформалар қабылданған референдум өткен болатын. Сол кезде қабылданған ең негізгі бап – «жер және жердің қойнауы, оның байлығы халыққа тиесілі» деген өзгерістің енгізілгені. Сәйкесінше, «Самұрық-Қазына» бірнеше топтар мен компаниялардан тұрады. Соның біразы біздің жер қойнауымызды пайдаланатын ұйымдар. Біз «Самрұқ-Қазынаның» инвеститциялық пакетіне тиіспейміз, бірақ республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жобаларын тексеруіміз керек әлде жер қойнауын пайдаланушылар табысының 1 пайызын ғылыми-конструкциялық ұйымдарға бөлінуіне қатысты тұстар бар. Сонымен қатар ол жерде қайырымдылыққа жұмсалатын қаражат, қолайлы мектеп жобасы, инклюзивті қоғам мәселелері бар. Қордың өзінің «Самырық-Қазына Траст» деп аталатын жобасы бар. Мәселен соған қоғамдық бақылау енгізуді осы заңмен бекіттік. Оған біздің 7-8 ай бойы жүргізген депутаттық жұмысымыз, еңбегіміз әсер етті. Бұл бірінші мәселе

Екінші үлкен мәселе, бұл – Назарбаев университеті мен Назарбаев зияткерлік мектептері. Олардың да статусы заңмен бекітілген. 2011 жылы Назарбаев зияткерлік мектептері мен Назарбев университеті және Назарбаев қорының ерекше құқықтық режимі мен статусын белгілейтін заң бекітілді. Аталған заң аясында осы ұйымдардың құрылтайшысы Үкімет боп танылды. Бірақ Үкімет осы Назарбаев университетінің, Назарбаев зияткерлік мектептерінің мүлкіне ешқандай иелік ете алмайды. Олардың мүлкі бойынша есеп сұрай алмайды және ол ұйымдар да Үкіметке ешқандай есеп бермейді. Бұл заңмен бекітілген бап. Бірақ былтыр депутаттарға Назарбаев зияткерлік мектептерінде қазақ, орыс тіліндегі топтардың дұрыс бөлінбеуіне байланысты, таңғы ас, түстен кейінгі асты дәйексіз алып тастауына байланысты, бір қаланың мектебінен екінші қаланың мектебіне ауысқан кездегі бюрократиялық жолдардың қиындығы туралы және олардың жабық мекеме ретінде өздерін еліміздің заңына бағынбайтын анклав сипатында көрсетіп жатқаны туралы шағымдар келіп түсті. Біз осыны негізге ала отырып оған қоғамдық бақылау енгізетін боп шештік және оны осы заңға бекіттік.

Үшінші мәселе, бұл – әскери ұйымдар. Жер, ел біздікі, біз оны қорғауымыз қажет. Сәйкесінше, оны қорғайтын кімдер? Әскери борышын өтеп жүрген жастарымыз. Олар барып жалпы әскери дағдыларын дамытып, құзреттілік дағдыларын жетілдіруге арналған механизм – әскери бөлімшелер. Бірақ соңғы 2-3 жылда әскери тәртіпсіздікке байланысты балалардың өміріне қауіп төнген жайттар жиіледі. Соның ішінде ата-аналар тарапынан әскери борышын өтейтін ұйымдарға балаларын жіберуге қатысты сенімсіздіктер пайда болды. Соған қатысты біз оларды заң нормасына енгіздік. Енді кез келген ата-ана баласы әскери борышын өтеп жатқан бөлімшелерге барып қоғамдық бақылау өткізе алады. Бұл нені көрсетеді? Бұл әскери борышын өтейтін ұйымдар мен халық арасындағы байланыстың жандана түсуіне алып келеді. Оларға деген сенімді оятады деген ойдамыз. Әскери борышын өтеу ұйымдарында тәртіпке қатысты, адам өмірі мен денсаулығына қауіп тудырмауға байланысты, дұрыс әскери механизмдер мен жаттығулар өткізуге байланысты тәртіп орнайды деген ойдамыз. Десе де бұл механизмдерді енгізу үлкен қиындықпен жүзеге асты. Жаңағы айтып отырған үш ұйым да бірден келісе қойған жоқ. Үкімет те осы қойылған нормаларға оң қорытындысын бірден бере қоймады. Өйткені бұл заң жобасы үкіметтен енгізілген формальды негіздерден де ауқымдырақ мәселені қамтып отыр ғой. Сондықтан да біз табандылық танытып, қайтпай, міндетті түрде осыны енгізуіміз қажет деп тұрып алдық. «Егер біз бұны енгізбейтін болсақ, онда қоғамдық бақылаудың ешқандай да мәні болмайды» деген уәж айттық. Жалпы бұл заң Мәжілістің депутаттық корпусының табандылығының аясында қабылданып отыр. Бір сөзбен айтқанда, бұл заңға қарсылық қатты болды. Осы ретте бұл жұмыстарды жүзеге асыруға атсалысқан депутаттар Жаңбыршин Еділ Терекбайұлына, Мұсабаев Самат Базарбайұлына және жұмыс тобының өзге де мүшелеріне ризашылығымды білдіремін.

– Ендеше заңның өзі туралы айтып берініізші. Ерекшеліктері қандай?

– «Қоғамдық бақылау туралы» заңының негізгі мақсаты – қоғамдық бақылауды жүзеге асыру арқылы Конституцияда көрсетілгендей, азаматтардың мемлекет ісін басқаруға тікелей қатысуына жағдай жасау. Ол үшін бұл заңда барлық тәртібі мен тәсілі қарастырылған. Мысалы тексеруші азаматтар мен үкіметтік емес ұйымдар – субъект деп аталады. Ал тексерілетін ұйымдар – объекттер. Әзірге объектілер саны – 5-еу. Олар – жергілікті мемлекеттік және орталық органдар, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, дербес білім беру ұйымдары және қызметі қоғамдық мүдделермен байланысты орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар. Ал субъектері боп 18 жасқа толмаған, өтелмеген соттылығы бар, наркологиялық немесе психикалық есепте тұрған, бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар, экстремистік және террористік қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдар танылмайды. Қалған азаматтарға рұқсат. Бұдан басқа, шетелдік қатысуы бар, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметі тоқтатылған немесе тыйым салынған коммерциялық емес ұйымдар тексеруге

> *Екінші үлкен мәселе, бұл – Назарбаев университеті мен Назарбаев зияткерлік мектептері. Олардың да статусы заңмен бекітілген. 2011 жылы Назарбаев зияткерлік мектептері мен Назарбев университеті және Назарбаев қорының ерекше құқықтық режимі мен статусын белгілейтін заң бекітілді.*

қатысудан шектеледі. Қоғамдық бақылауды жеке бір адам да, қоғамдық бақылау топтары да жүзеге асыра алады.

Жаңа айтып кеткенімдей, тексеру шаралары 3 форма түрінде жүзеге асады. Олар – Қоғамдық талқылау, мониторинг, сараптама. Бұл кезеңдерді бірінен соң бірін кезекпен өткізу шарт емес. Мәселен, бір тексеру мониторингпен аяқталуы мүмкін. Тексеріс объектісі азаматтардың берген ұсыныстарын түзесе, қоғамдық бақылау аяқталады. Ал егер, олар қарсы уәж айтып, орындамайтын болса, онда талқылау, сараптама жасау кезеңдеріне жол беріледі. Осы тексерістер қорытындысында тиісті органдарға немесе сотқа жолдануы мүмкін. Заңда ескертулердің қаралу мерзімі де қарастырылған. Мәселен, ҚБ объекттері бір-екі рет хат келгенінде, ұмытырып жіберуге тырысып, жауап бермеуі мүмкін. Бірақ олай істей алмайды. Жазбаша уәжді жауап 10 күн ішінде берілуі керек. Бірақ егер жауап бермей немесе берілген жауапқа қарамастан қоғамдық бақылауды енгізуге құлықсыз болатын болса онда біз әкімшілік сотқа жүгінуге құқық беріп отырмыз. Сол кезде әкімшілік сот мәселені шешетін болады. Бұл кез келген мемлекеттік орган үшін де, квазимемлекеттік сектор субъектісі үшін де мемлекеттен үлкен қоңырау. Өйткені әкімшілік соттан бір емес, бірнеше рет хабарлама келе беретін болса, онда олардың қызметінде бір кілтипан бар деген сөз. Сондықтан біз бұл тетікті енгіздік. Мысалы, сіз Назарбаев зияткерлік мектебіне барғыңыз келеді. Оның гранттарды бөлу процесіне немесе емтихан тапсыру үдерісіне қатысқыңыз келеді. Бірінші, сіз қоғамдық талқылау өткізесіз. Талқылауға байланысты хат жазасыз, сол хатта сізге НЗМ уәжді жауабын береді, сонда да сіз оларды талқылауға шақырасыз. Бірақ талқылауға шақыратын азаматтарыңызды мерзімді бұқаралық ақпарат құралдарында 3 күн бұрын хабардар етуіңіз керек. Ал егер сол Назарбаев зияткерлік мектебіне немесе басқа да заңда көрсетілген нысандарға қоғамдық бақылау өткізгіңіз келсе, ондай объектілерге 5 күн бұрын хат жіберуіңіз қажет. Олар сізге келіп, талқылауыңызға қатысуы қажет. Егер қатыспаған жағдайда сіз әкімшілік сотқа жүгіне аласыз. Әрі ол қатыспаған жағдайда сіз қоғамдық талқылауыңызды өткізе бересіз. Бұл – бірінші кезең. Менің ойымша, қоғамдық талқылау қызық болады. Өйткені мәселені жария түрде басшылығын шақырып, сұрақ қойып талқылау сынды қоғамдық мәдениет бізде бұған дейін болмаған. Қазір мемлекеттік органдар болсын, жергілікті атқарушы органдар болсын халық алдына шығып есеп беріп қайтады. Ал шын мәнінде үлкен, белгілі тақырыптарға қоғамдық талқылау өткізуге оларда әлі де қорқыныш болуы мүмкін.

Екінші кезең – қоғамдық сараптама. Уәкілетті органдардың актілері, кез келген бұйрығы, шығарған шешімдері, құжаттары қоғамдық сараптаманың негізгі нысаны боп танылады. Қоғамдық бақылау субъектілері қоғамдық сараптама жүргізу үшін сарапшыларды нақты тағайындауы керек және сараптама ұйымдарын тартуға қақылы. Кез келген азамат сарапшы бола алмайды. Оның тиісті сала бойынша жоғарғы білім, жұмыс өтілі, сараптама нысаны бойынша ғылыми немесе практикалық білімі болуы керек. Тіпті жеке тұлға да сарапшы бола алады. Қоғамдық сараптама ұйғарымы қорытынды құжат ретінде рәсімделіп, қоғамдық бақылау объектілеріне қарау үшін жіберіледі. Қорытынды құжаттың формасы, тілі, құрылымы және басқалары заңда қарастырылған.

Келесі кезең – қоғамдық мониторинг. Бұл шектеусіз адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын ҚБ объектілері қызметінің барысын бақылау. Қоғамдық мониторинг объектінің аумағына немесе үй жайларына, офистеріне бару арқылы жүзеге асырылады. Бұл жердегі қатынастар да осы заң бойынша рәсімделеді. Яки, объектіден рұқсат сұрау, оларды субъекттер санымен, құрамымен таныстыру, тексеру мақсаты сынды тұстар бар. Тіпті объектінің егер 6 ай бұрын осындай қоғамдық мониторинг келген болса, онда олардың қабылдамауға, қоғамдық мониторинг жүргізуге рұқсат бермеуге хақысы бар.

Одан бөлек, қоғамдық бақылау кезінде видео-фотоға түсірудің өз шарттары, қауіпсіздік шараларын талап етудің өз шарттары қарастырылған. ҚБ-ны жүзеге асыру кезіндегі мүдделер қақтығысы, ҚБ тобының нәтижелері бойынша қорытынды құжат, сондай-ақ дәлелді жауап сынды ұғымдар берілген. Мәселен, Қоғамдық субъектілер қоғамдық объектілерге барып қоғамдық бақылау жүргізуді өз қаражат есебінен жүзеге асыралды. Бұл мұнда мүдделер қақтығысы болмас үшін жасалып отыр. Егер мемлекеттік мекеме өзі қаржы бөліп, маған қоғамдық бақылау жүргіз десе онда бұл жерде лобби жатыр. Ал егер, кез келген азаматтық қоғам өкілі немесе қоғамдық бақылау талаптарына сәйкес азамат келіп мен қоғамдық бақылау өткізмені деп өзі қаражат бөлсе, онда мүдде қақтығысы болмайды. Ол сарапшыға төлейтін қаражат, талдауға кететін қаражат және қорытында тұжырым дайындаған, рәсімдеген кездегі жалпы жұмсалатын қаражат. Мемлекеттен бұған қаражат бөлу қарастырылмаған.

– Заңның басқа тағы қандай ерекшеліктері бар?

– Қоғамдық бақылау туралы» негізгі Заң 4-тараудан, 16-баптан тұрады. Қолданылу аясы бойынша еліміздің өзге заңдарымен реттелмеген бөлігінде Қоғамдық бақылауды жүзеге асырумен байланысты қатынастарды реттейді. Мәселен, бұл Заңның күші «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Республикалық референдум туралы», «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы», «Прокуратура туралы», «Конституциялық Сот туралы», «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» сияқты Конституциялық заңдарға қолданылмайды. Одан бөлек «ҚР арнаулы мемлекеттік органдары туралы», «ҚР Қорғаныс және Қарулы Күштері туралы», «Дербес деректер және оларды қорғау туралы», сондай-ақ, тағы да қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару, азаматтық іс жүргізу, әкімшілік рәсімдік-іс жүргізу заңнамасы, әкімшілік құқықбұзушылық туралы, сыртқы барлау, қарсы барлау қызметі, жедел-іздестіру қызметі, мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының Құқық қорғау қызметі және күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заңдарына жүргізіледі. Өйткені, мұнда құпиялылық және режимдік, сондай-ақ лоббилік мәселелер бар. Ал ұлттық әл-ауқат қорындағы және ұлттық компаниялардағы Қоғамдық бақылау мемлекеттік-әлеуметтік және ғылыми-инновациялық жобаларға, бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын ұлттық жобаларға, сондай-ақ әл-ауқат қоры қайырымдылық көмек көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Қоғамдық бақылаудың мақсаты мен міндеттері осы заңда айқындалған. Оның негізгі мақсаты азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ету деп жаңа айттық қой. Ал міндеттері – Қазақстан азаматтарын ҚБ процесіне тарту, жалпыұлттық басымдықтар шеңберінде орындалатын жобалардың сапалы іске асырылуын қамтамасыз ету, ҚБ объектілері шешім қабылдаған кезде қоғамдық пікірді есепке алуын қамтамасыз ету және олардың қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету және тағы басқалар.

Заңның тағы бір ерекшелігі – ол негізгі заң және ілеспе заң болып екі бөліктен тұрады. Қоғамдық бақылау мәселелері жөніндегі ілеспе заң жобасы, ол қоғамдық бақылау жүргізу тәртібін реттейтін жекелеген заңнамалық актілердің нормаларын негізгі заң жобасының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған. Осы ілеспе заң бойынша 3 Кодекске – Су Кодексі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс, Экологиялық Кодекс және 10 Заңға – «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Назарбаев университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы», «Арнаулы мемлекеттік органдар туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Табиғи монополиялар туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» өзгеріс енгізілді.

– Заң жобасының петицияны да қамтитын тұсы бар. Сол туралы айтып өтсеңіз.

– Иә, дұрыс айтасыз! Заң жобасында петициялар институтын регламенттеу жөніндегі түзетулер де бар. Ол Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте қарастырылған. Петициялар институты бойынша түзетулер Жалпыұлттық жоспарды іске асыру үшін әзірленді. Заңнамада петиция ұғымы пысықталған. Яғни, петиция дегеніміз – мемлекеттік органға, жергілікті өкілді және атқарушы органға электрондық нысанда жіберілген және ӘРПК-нің 12-1-тарауында белгіленген тәртіппен қаралатын ұжымдық хабарлама, үн қосу немесе ұсыныс. Петицияны Қазақстан Республикасының азаматтары арнайы интернет-портал арқылы бере алады. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте петицияларды беру және қарау тәртібі бекітіледі, ол әдеттегі өтініштер бойынша белгіленген рәсімдерден айтарлықтай ерекшеленетін болады. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган петиция жария болғанға және оған қосылу қолжетімді болғанға дейін шарттарға сәйкестігін анықтау бойынша жұмыстар жүргізеді. Ал сәйкес келмеген жағдайда петицияларды қабылдамауға құқылы. Республиканың басқару нысанын, әкімшілік-аумақтық құрылымы мен шекараларын өзгерту, Сот төрелігі, рақымшылық, Ұлттық қауіпсіздік және т.б. сияқты мәселелер бойынша петициялар беруге тыйым салынады.

Тағы бір назар аударта кететін жайт, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте петицияны қабылдаудың шекті мәндері бекітілген. Мәселен, аудандық деңгейде (әкімдіктер) халқы 50 мыңнан асатын болса – 2,5 мың дауыс, қалғандары үшін – халық санының кемінде 5%-ы, аудандық деңгейде (мәслихаттар) халқы 50 мыңнан асатын болса 5 мың дауыс, қалғандары үшін – халық санының кемінде 10%-ы, облыстық деңгейде (әкімдіктер) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тұрғындарынан 1% дауыс, облыстық деңгейде (мәслихаттар) – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының кемінде 2%-ы. Ал республикалық деңгей (Үкімет) үшін – кемінде 50 мың дауыс. Шекті мәнге жетпеген петиция құзыреті бойынша тиісті мемлекеттік органға, жергілікті өкілді және атқарушы органға жіберіледі және ӘРПК-мен белгілеген тәртіппен жеке хабарлама, үн қосу немесе ұсыныс ретінде қаралады. Петиция бойынша шешімді тек мемлекеттік органның бірінші басшысы ғана қабылдайды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлан ҚОСАЙ

ҚАЗАҚ АУЫЛЫ ҚАШАН СУҒА ЖАРИДЫ?

Күн күйіп тұр. Аптап ыстық жер апшысын қуырып барады. «Қазгидромет» еліміздің 18 аймағында күн 42 градусқа дейін ысығанын тіркеді. Осының бәрі әлемде климаттың қатты өзгергенінен хабар береді. Көрші Қытайды бұрын-соңды болмаған қуаңшылық басты. Орталық Азияның жағдайы мәз емес. Су үшін Иран мен Ауғанстан таяуда соғыса жаздады. Қазақстанда да жағдай күрделі. 600 мың адам сусыз қалған. Каспий теңізінен бастап, өзен-көлдерге дейін құрғап, таязданда. Халықты сумен қамту қайтадан күн тәртібіндегі өткір мәселеге айналды. Бұл түйткіл қалай шешілмек? Биыл су жете ме?

Қуаныш САПАРБАЕВ *(коллаж)*

УАҚЫТ АЗ, ШӨЛДЕГЕН АУЫЛ КӨП

Үкіметтің жоспары бойынша 1,5 жылдан соң Қазақстан халқы 100% ауызсумен қамтылуы тиіс. Уақыт аз қалды. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің дерегінше, 2022 жылдың қорытындысында еліміз орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесімен 96,8% қамтылды. Яғни, небары 3,2% ғана қалды. Алайда нақты санда 600 мыңдай адам орта ғасырлардағыдай суды өзеннен тасып ішуге мәжбүр.

Ұлттық статистика бюросының есебіне сенсек, соңғы бес жылда бұл салада ауыз толтырып айтарлықтай ілгерілеушілік байқалады. Мысалы, үйіне құбырмен су келгендіктен колонкаға қатынауды ұмытқан қала тұрғындарының үлесі 2017 жылғы 90%-дан 2022 жылы 98,4%-ға жетті. Ауыл жақтағы прогресс бұдан да ғаламат көрінеді: 5 жылдағы сумен жабдықтау көрсеткіші 55%-дан 94,5%-ға дейін өсті.

Бірақ сарапшылар бұл санға күмән келтіреді. Өйткені, мәселен, толық сумен қамтылғандар тізіміне қосылған қалаларда, тіпті Астананың өзінде суды колонкадан тасып ішетін үйлер жетерлік. Екіншіден, статорган ақпаратын әкімдіктерден жинайды. Ал әкімқаралар жоғарғы басшылықтан сөз естімеу не орынтағынан айрылмау үшін қосып жазуды әдетке айналдырған. Орталықтан жіберілген аудиторлар, тексерушілер көптеген көркем есептің жалған екенін әшкереледі.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің дерегінше, 2022 жыл қорытындысында республикадағы 6,3 мыңнан астам ауылдың тек 4,9 мыңы ғана ауызсу проблемасынан азды-көпті құтылған. Ал бұл Ұлттық статбюро айтып отырғандай 94,5% емес, 77,8% ғана. Ендеше Үкіметтің 2025 жылға қарай Қазақстан халқын толығымен ауызсумен қамтамасыз ету жоспарының уақытылы орындалатынына сарапшылар күмәнданады. Отыз жылда жасай алмағанды бір жарым жылда жасау, яғни шамамен 1,4 мың ауылға су құбырын жеткізу бюджет тапшылығы рекордтық шамаға дейін артқан қазіргі қысылтаяң, дағдарысты заманда мүмкін еместей көрінеді.

Қазақстандағы Суды бағалау халықаралық орталығы (IWAC) сарапшылары республиканың бұл мұрат жолындағы алға басқан қадамын кері тартатын басқа да кесапаттарды атады.

«Қазақстан халқы өсіп келеді. Экономиканың суды көп тұтынатын секторлары да қарқынды даму үстінде. Мұның сыртында жаһандағы климаттың өзгеруі, Жердің қызуы жыл өткен сайын елге қатты ықпал ете бастады. Қуаңшылық проблемасы өрши түспек. Мұның бәрі онсыз да аз су ресурстарының тапшылығын күшейтеді. Қазақстан Үкіметі экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне жете көңіл бөлмей келеді. Сонымен қатар суды ұтымсыз пайдалану, босқа шығындау практикасы сақталып қалды. Бұған қоса, институционалдық әлеуеттің жеткіліксіздігі, толыққанды қаржыландырмау және өзге де факторлар экожүйенің деградациялануына, қолда бар су қоймаларының ластануына, елдегі су сапасының нашарлауына соқтырды», – деп түйткілді тұстарды түртіп көрсетті орталық мамандары.

Олардың байламынша, елге төнген қауіп салмақты көзқарасты, сайма-сай шараларды талап етеді. Биліктің түрлі деңгейлері мен саналуан органдары арасында су ресурстарын қорғау және басқару бойынша бірлескен іс-шаралар кешені мен ортақ тәсілдеме түзілмеген. Бұл кемшілік түзетілгені жөн. Су ресурстарын ара-тұра емес, ұдайы бағалау және мониторингтеу жүйесі дамытылғаны жөн. Сонда ғана негізделген, дұрыс, орынды шешімдер қабылдау мүмкін болады.

ШІРІГЕН ҚҰБЫР СУДЫ РӘСУАЛАЙДЫ

Қазақстанда су ресурстарына – Экология министрлігі, ал сумен жабдықтау инфрақұрылымына Индустрия министрлігі жауап береді. Бұдан бөлек, әрбір елді мекенді сумен қамту жергілікті әкімдікке жүктелген. Ақыр соңында, «сен саларда, мен салардың» кері келіп, жауапкершілік шекарасы шайылып кеткен.

Индустрия министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің сарапшысы Сұлтан Асылқановтың айтуынша, 2022 жылдың қорытындысы бойынша елде сумен жабдықтау, кәріз желілерінің 51%-ының тозығы жеткені анықталды. Желілерді қалпына келтіру шаралары нәтижесінде тозу көрсеткішін 2023 жыл соңында 50% дейін, 2024 жылы – 48%, 2025 – 47%, 2026 жылы – 45%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Яғни, ескі-құсқы құбырлардан мемлекет бәрібір арылмайды. Ал оларда алтыннан қымбат кәусар айдалаға босқа ағып кетеді, жолай жоғалып, топыраққа сіңеді, желден кебеді.

2023 жылы сумен жабдықтау және канализация жүйелерін салуға және қайта қалпына келтіруге бюджеттен 280 млрд теңге бөлініп отыр. Бұл қаржының 59,6% қалалардағы жобаларға, тиісінше, шағын бөлігі ғана ауылдарды сумен қамтуға қарастырылған. Ауылдарда 267 жоба қолға алынған. Ендеше Смайылов Үкіметінің 1,4 мыңдай ауыл тұрғындарының қолын таза суға жеткізуі нығайбыл.

Әйтсе де, Үкімет әзірге 2025 жылдың соңына дейін сапалы ауызсумен 100% жабдықтау жоспарын нық ұстанып отыр. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев «су барса, кез келген ауыл гүлденіп сала береді» деді.

«Биыл сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуға және реконструкциялауға, 402 жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 280 млрд теңге бөлінді. Соның ішінде қалаларда 135 жобаны іске асыруға 167 млрд теңге және ауылдарда 267 жобаны жүзеге асыру үшін 113 млрд теңге бөлінді. Жыл қорытындысы бойынша сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділікті қалаларда 98,8%-ға, ауылдарда 96,3%-ға жеткізу жоспарланған. Қамту көрсеткіштері төмен өңірлерге қаражат басым негізде бөлінеді. Бұл өз кезегінде артта қалған өңірлердің деңгейін арттыруға мүмкіндік береді», – деді министр.

ҮЙЛЕСІМСІЗ ТІРЛІК – ҰЛТҚА ҚАУІП

2025 жылды межелеген ірі міндетті уақытылы және сапалы орындау үшін республикадағы әрбір елді мекенді ауызсумен қамтамасыз ету бойынша кезеңдік жоспар әзірленіпті. Әрбір қала мен ауылда іздестіру-барлау, жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысына мониторинг жүргізіледі.

Министрдің дерегінше, бүгінде Қазақстандағы 89 қаланың 64-і орталықтандырылған сумен толық қамтамасыз етілген. Қалған 25 қала 2025 жылдың соңына дейін кезеңдік жоспар аясында жабдықталады. Қалаларда халық санының өсуіне байланысты, сондай-ақ сумен жабдықтау қызметтерін сапалы көрсету мақсатында республикалық бюджет есебінен су тазарту құрылыстарының қуаттылығын арттыруға, магистральдық сумен жабдықтау жүйелерін кеңейтуге, сондай-ақ кәріз жүйелерін дамытуға бағытталған жобаларды іске асыру жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі кезде елдегі барлық 6295 ауылдың 4900-і ауызсумен қамтамасыз етіліпті. 2025 жылдың соңына дейін 1,4 мыңдай, нақтылағанда 1395 ауылдың ауызсу мәселесін шешу жоспарланған.

Министрдің айтуынша, халқы аз ауылдарға құбыр тартылмайды. Оларға суды тазартатын кешенді блок-модульдер орнатылады. Бұған дейін ведомстволық мамандары 1 блок-модуль кешенінің бағасы шамамен 20 миллион теңгеден басталатынын хабарлаған. Сондықтан Үкімет бұл шығынды жергілікті әкімдіктер өз бюджеті арқылы еңсере алады деген ұйғарым жасапты.

«Қалған 1,4 мыңдай ауылдардың 69%-ы, яғни 963 тұрғыны аз елді мекендерге жатады. Бюджет қаражатын тиімді пайдалану үшін оларға жергілікті бюджет есебінен кешенді блок-модульдер орнатылатын болады. Индустрия министрлігі арқылы 391 ауылда орталықтандырылған сумен жабдықтау құрылысы жүргізіледі. Тағы 41 ауылда Экология және табиғи ресурстар министрлігі арқылы топтық су құбырларын салу жобаларын іске асыру аясында кентішілік желілер салынады», – министр Марат Қарабаев.

Үкіметтің әдемі жоспарын әкімдер бұзып тұрған көрінеді. Соңғы жылдары ауылдарда шетсіз-шексіз әкім сайлау өтіп, жиі ауыс-түйіс, аласапыран болып жатқаны жасырын емес. Бұл да ауылдың ауызсу проблемасын шешуге кедергі жасайтын көрінеді. Мысалы, құбыр төселуі тиіс 126 ауылдың тек 59-ында ғана әкімдіктер жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСҚ) әзірлеп тапсырған.

Қалғанының құжаты дайын емес, демек бөлінген қаражат игерілмей, кері қайтады, басқа салаға бағытталады. Себебі ЖСҚ әзірлеумен іс бітпейді. Ол жоба содан соң сараптаманың оң қорытындысын алуы, ары қарай әкімдік жоғарыға қаржыландыру үшін бюджеттік өтінім беруі қажет. Олай болса, көптеген жоба келесі жылға шегерілуі ықтимал. Ал 2024 жылы билік енді аудан және қала әкімдерін сайлауға кіріспек.

Айтпақшы, сарапшылар тұрғыны аз қалған ауылдарда блок-модульдер кешені жедел орнатыла салмайтынына, ол үшін сол ауылдарда суды іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу талап етілетініне назар аударты. Одан ары әлгі бюрократиялық шырғалаң басталады.

Жердің қызуы болса, Қазақстан Үкіметінің шабан қимылына еш қарайламай, күн сайын көтеріліп барады. БҰҰ-ның Қоршаған ортаны мониторингтеудің жаһандық жүйесінің Су ресурстары бағдарламасы өткізген жиында су тапшылығы халықты босқынға айналдырып, тұрғылықты орнынан түп көтеріле, үдере көшуге мәжбүр ететіні айтылды. Егер 2025 жылға дейін Үкімет қазақстандықтарды толықканды ауызсумен қамту мәселесін шеше алмаса, қауқарсыздық танытса, онда Қазақстан тіпті бейбітшілік жағдайында жаңа сын-қатерге, нәубетке кезігуі мүмкін.

Елдос СЕНБАЙ

«ОСЫ ЖӨТЕЛ КЕТЕР МЕ ТАМАҒЫМНАН»...

Көптеген инфекциялық аурудың емі табылып, вакцинация жүргізу арқасында соңғы жарты ғасыр уақытта жоғалып барады. Алайда екпесі бар болса да, қаупі сейілмеген, медицина саласының қатаң бақылауынан шығып кетсе, қайта өршіп халыққа қатер төндіретін аурулар аз емес. Соның бірі – көкжөтел. Біз осы сырқатты емдеу және оның алдын алумен айналысып жүрген мамандардың пікіріне құлақ түрген едік.

Жәнібек АМАНГЕЛДІ

АУРУ ҚАЛАЙ ЖҰҒАДЫ?

Дәстүрлі ән мен эстрада жанрын тоғыстырып жүрген Ғалымжан Жолдасбайдың орындауындағы «Көкжөтел» әнін көпшілік біледі. Бұл әнді Маңғыстаудың жеті қайқысының бірі – Өскенбай Қалмамбетұлының баласы Хамит Өскенбаев шығарған деп айтылады. Әннің аты – «Қыздар-ай». Әнді ол өкпесіне суық тиіп ауырып жүрген кезде шығарған екен. Ол серуендеп жүріп, бір топ қызға жолығады. Қыздар «ән салып бер» деп қолқа салады. Шырқайын десе – айықпаған ауруы, күркілдеген жөтел бар. Ақыры әнді де айтып, қайырар тұсын жөтелімен жалғастырыпты. Алайда әннің әзілге бұрған мәні жеңіл болғанымен шындығында көкжөтел – аса жұқпалы әрі ауыр өтетін қауіпті ауру.

Біз тілдескен медицина мамандары оның адамнан адамға жұғатын қауіпті бактериялы инфекция екенін айтады. Індеттің қоздырғышы Bordetella Pertussis деп аталады. Бұл ауруға қарсы екпе болмаған кезде, өткен ғасырдың басында көкжөтел жұқтырған емшектегі балалардың шетінеу саны дифтерия, қызылша, полиомиелит және менингиттің өлім-жітімін қосқаннан да көп болған. Жаппай вакцинациялау арқылы індет 150-200 есеге азайып, өлім-жітім сап тыйылды. Десек те, қауіптің беті әлі қайтпаған. Инфекциясының қоздырғышы әлі ортамызда бар. Ол организмге түсіп, тыныс алу жолдарының сілекейлі қабығын зақымдайды. Көкжөтелге тән белгілер инфекциядан 10-14 күн өткен соң дами бастайды. Бастапқы кезеңде суық тию белгісі секілді көрінеді. Дене қызуы көтеріліп, мұрын бітеліп, су ағады, түшкіру және құрғақ жөтел байқалады. Бацилла бөлетін уыт ұсақ бронхтардың спазмына әкеліп соқтырады. Бұл тыныс алу жолдарының рецепторын тітіркендіреді, олар ақпаратты жүйке жүйесі арқылы мидың жөтел орталығына жібереді. Содан барып ауыр әрі булығып жөтелу тоқтамайды. Жөтел науқастарды түнде және таңертең азапқа салады. Ежелгі Қытайда бұл ауруды жүз күндік жөтел деп те атаған. Оған қоса тәбет нашарлайды, әлсіздік пайда болады, тері құрғайды, мұрын-ауыз айналасы көгереді, қалшылдау, бұлшық еттердің құрысып-тырысуы пайда болады, тыныс алуы қиындайды.

Көкжөтел балалар мен жасөспірімдерге үлкен қауіп төндіреді. Ересектерде де індет ауыр өтеді. Алайда бала кезінде вакцина алғандарда иммунитеттің дамуына, ағзаның жұқпалы сырқаттан қорғауына байланысты жеңіл болуы мүмкін.

ВАКЦИНАДАН ҚАШПАУ КЕРЕК

Көкжөтелдің алдын алудағы ең тиімді және ықпалды шара – иммундау. Вакцинациялау үшін екі түрлі: бүтін жасушалы және жасушасыз вакциналар қолданылады. Екеуі де де ауруға қарсы тиімді қорғанысты қамтамасыз етеді. Көкжөтелге де вирустық гепатит, дифтерия, қызылша, полиомиелит, сіреспе, туберкулез эпидемиялық паротит секілді вакцина немесе жоспарды екпе жасалады.

«Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысында көкжөтелге қарсы иммундау жүргізу айқындалған. Көкжөтелге қарсы иммундау Ұлттық профилактикалық екпе күнтізбесіне сәйкес: балаларға 2, 3, 4, 18 айында және 6 жасында жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Яғни, алғашқысы үш айлығында, одан кейін 1,5 ай сайын жасалады. Ал ревакцинасы 1,5 жылдан соң. Бұл – «АКДС» (адсорбцияланған көкжөтел-дифтерия-сіреспе вакцинасы) деп аталатын аралас вакцина.

Ол «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 85-бабы 5-тармағына сәйкес бюджет есебінен тегін әрі егілетін адамның вакциналау жүргізуге келісімін ала отырып жүргізіледі.

ДДС деректеріне сенсек, жыл сайынғы иммундау дифтерия, сіреспе, көкжөтел, қызылша, паротит, қызамық секілді індеттен болатын 2-3 миллион өлімнің алдын алуға мүмкіндік береді.

«Неліктен міндетті түрде вакцина алу керек? Өйткені халықтың 95 пайыздан астамы екпе алған кезде оның тиімділігі жоғары болады. Иммундау әлемде 3 миллион адамды құтқарып, бір миллионнан астам адамды ауру және өмір бойы мүгедек болып қалудан қорғайды. Балаларды жоспарлы иммундау енгізгенге дейін бала өлімінің басты себебі инфекциялық аурулар болып келді. Тіпті, осы көкжөтел, қызылша, тырысқақ секілді індеттер қазіргі кезде де науқасты азапқа салатын, сондай-ақ өлім-жітімге жеткізуге себепші болып отыр. Жыл сайын 10,6 миллион бала жасы беске жетпей шетінейді, өкініштісі, оның 1,4 миллионы вакциналау арқылы алдын алуға болатын аурудан көз жұмады», – дейді Астанадағы №1 қалалық балалар ауруханасының Пульмонология бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер Валентина Новикова.

Алайда қазір, кейбір ата-аналардың иммундауға деген сенімсіздігі бар. Тіпті, пандемия кезінде вакцинадан бас тарту немесе екпеге қарсы шығу секілді қозғалыстар пайда болған еді. Зерттеулер көрсеткендей, вакциналаудың 5%-ға төмендеуі аурудың өршуін 40-тан 4000%-ға арттырады. ДДҰ осындай індеттің өршуін болдырмас үшін халықтың кем дегенде 95%-ын вакциналауды ұсынады.

Мәліметтерге жүгінсек, елімізде жыл сайын шамамен 5 млн адам, оның ішінде 1,3 млн 14 жасқа дейінгі бала екпе алады. Мамандар COVID-19 пандемиясы салдарынан жоспарлы иммундаудан өтетін балалар саны азайғанын, бұл алдын алуға болатын аурулардың өршуі және оның өлім-жітімінің өсуіне ықпал етуі мүмкін деп қауіптеніп отыр.

Медицина мамандарының айтуынша, егер вакциналау жүргізілмесе, көкжөтелмен ауырған он баланың біреуінің өкпесі қабынып, 1 мың бала ауырған жағдайда оның ішіндегі 20-сының ауруы тырысуға ұласып, төрт баланың миына зақым келуі (энцефалопатию) мүмкін.

ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығына қарасты «Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама және мониторингтің ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ-ғы РМК филиалының ұсынған мәліметіне бойынша 2022 жылы елімізде көкжөтел жұқтыруға қатысты 3 оқиғасы тіркелген.

«Үшеуі де мамыр айында анықталған. Бұл – 100 тұрғынға шаққанда, 0,01 көрсеткіш. Екі науқас Атырау облысында, бір сырқат Солтүстік Қазақстан облысында анықталды. Оның біреуі жасқа толмаған, екіншісі 2-3 жас арасында, үшіншісі 30 жастан асқан. Осы үшеудің екеуі екпені алмаған, ал біреуіне екпелердің кейбірін ғана алған. Екпе алмағанның біреуінде бас тартылған болса, екіншісінде вакцина салуға денсаулығы келмеген», – дейді орталықтың эпидемиологі Екатерина Василевская.

Оның айтуынша, қазір елімізде аралас АбКДС вакцинасын салдыру көлемі балалар арасында өте жоғары екен. Яғни, 95 пайыздан кем емес. Бұл ДДҰ ұсынған межеге жетеді.

Педиатр Инна Калакпасованың түсіндіруінше, көкжөтелді емдегенде, антибиотиктер, сондай-ақ антигистамин препараттары тағайындалады.

«Көкжөтел – жұқпалы. Аурудың инкубациялық кезеңі – орта есеппен 7-14 күн. Науқас инфекцияны 25 күнге дейін жұқтыруы мүмкін. Сондықтан оны осы аралықта оқшаулау қажет. Ауру қоздырғышы науқастың жөтелу немесе түшкіруі салдарына ауа тамшыларымен таралады. Оны мен 7 жасқа дейінгі балалар көп ауырады. Егер осы аурудың екпесін алмаған бала науқаспен байланыста болса оның жұқтыру ықтималдығы 70-90 пайызға жетеді», – дейді Инна Калакпасова.

Айта кетерлігі, бабаларымыз көкжөтелмен ауырған науқасқа қасқалдақтың қанын ішкізіп немесе етін жегізіп емдеген. Қазір кептердің де қанын ішкізеді екен. Сондай-ақ киікотын қайнатып ішеді. Халық арасында дерті жазылмаған сәбидің ата-анасы көлденең көк атты кісінің жолын тосып, одан кеңес сұрайды. Қазірде көк атты болмаса да, көк көйлек киген көшедегі адамнан сұрайды. Ол кісі қандай ем айтса, ырымдап сол емді жасайды.

Қысқасы, індет өршіп кетсе, оның бетін қайтару өте қиынға соғады. Оны күні кеше ғана коронавирус пандемиясы кезінде көрдік. Сондықтан инфекциялардың таралуына тоқтау салу үшін медицина мамандарының кеңесіне құлақ түріп, міндеттелген екпеден бас тартпауымыз керек.

ӨҢІРДІ ДАМЫТУДАҒЫ ӨЗГЕШЕ ӘДІС

Қызылорда облысында жалпыұлттық бірыңғай жобалар пулы қалыптасып, биылдың өзінде ғана құны 13,4 миллиард теңге тұратын 9 жоба жүзеге асырылды. Бұл туралы өңір басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте мәлімдеді.

Жадыра МҮСІЛІМ

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы өткен баспасөз мәслихатында баяндама жасаған ол биыл 4 айдағы атқарылған жұмыстарға тоқталып, алда істелуі тиіс қыруар шаруа күтіп тұрғанын жеткізді. Әкімнің айтуынша, елдегі жүзеге асырылып жатқан аса маңызды саяси реформалардың іс жүзінде қолдау табуына Сыр жұртшылығы жарқын болашақ жолына тура таңдау жасап, ауызбіршіліктің үлгісін көрсетіп келеді. Айталық, соңғы жылдарда Президент пен Үкіметтің ерекше қолдауымен өңірде қолға алынып жатқан тың жоба көп. Биыл төрт айда облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы оң нәтиже көрсеткен. Мәселен, ауыл шаруашылығының өнімі – 1,6, өңдеу өнеркәсібінің көлемі – 1,9, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі – 2,4, сауда көлемі – 2,5, инвестициялар тарту – 42,1 және құрылыс жұмыстарының көлемі 44,0 пайызға артқан.

«Қызылорда облысының бюджеті 593 миллиард теңгеге жетті. Бұл былтырмен салыстырғанда 53 пайызға артқан. Бюджетіміздің 64 пайызы әлеуметтік салаға бағытталған. Сондай-ақ өнеркәсіп өндірісінің 70%-ға жуық үлесін алатын тау-кен секторында 2013 жылдан бері мұнай өндіру 6,5 миллион тоннаға азайды. Жаңа мұнай кен орындарын игеру үшін «Шу-Сарысу» бассейнінде геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстары аяқталып, мұнай қорын бекіту жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, Арал бассейнінің батыс пен шығыс бөлігінде зерттеу жалғасуда. Сараптама қорытындысы келер жылы анықталады», – дейді өңір басшысы. Ал шикізатқа тәуелділікті төмендету мақсатында экономиканы әртараптандыруға бағытталған түрлі жоба қолға алынуда. Индустрияландыру аясында аймақта құны 607 миллиард 700 миллион теңгені құрайтын 34 жоба жүзеге асып жатыр. Егер бұл мақсат ойдағыдай іске асса, 6 мың 300 тұрғынды жұмыспен қамтуға мүмкіндік беретін көрінеді.

Сонымен бірге облыста былтыр қазан айынан бастап өңдеуші өнеркәсіпке серпін беретін шыны зауыты жұмысын бастаған. Былтыр зауыт елімізді 32 мың тоннадан астам өніммен қамтамасыз етсе, биыл 4 айда 3,5 миллион текше метр шыны өнімі өндіріліпті. Зауыт өнімі республикада ғана емес, Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан мен Ресейге экспортқа шығарылып келеді.

Алдағы уақытта шыны зауытының жанынан 32 миллиард 800 миллион теңгені құрайтын 3 ілеспе кәсіпорын ашылатынын айтқан Нұрлыбек Нәлібаев: «Бұл жобалар жаңа жұмыс көзін құруға, халықтың табысын арттыруға мүмкіндік береді. Ірі жобалардың бірі – «Шалқия» кен орнында тау-кен байыту комбинатының құрылысы. Оның жұмысы биыл басталады. «Бала-Сауысқандық» кен орнында қара тақта тасты автоклавты өңдеу бойынша тәжірибелік-өндірістік кешен жұмыс істеуде. Былтыр кешенде 454 тонна, ал биыл 4 айда 81 тонна өнім өндіріліп, Ұлыбритания, Ресей елдеріне экспортталды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Жалпыұлттық бірыңғай жобалар пулы қалыптасып, құны 907 миллиард теңгеден асатын 36 жоба енгізілді. Ал былтыр құны 5 миллиард 100 миллион теңге болатын төрт жоба іске қосылды. Оның ішінде Үй құрылысы комбинаты, 350 орындық мектепті кеңейту, Балық өңдеу цехы, Көкөніс сақтау қоймасы бар. Биыл да 9 жобаны жүзеге асыруды қолға алып отырмыз. Оның алғашқысы іске қосылды. Мұндай ірі жобалардың жүзеге асуы өңірде инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Аймағымыз инвестиция тарту қарқыны бойынша республика көлемінде алдыңғы қатардан көрінгенін де айтып өткім келеді. Биыл аймаққа 424 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылады», – дейді.

Өңірде кәсіпкерлікті дамытуға да айтарлықтай көңіл бөлінген. Соның ішінде шағын және орта бизнесті дамытуға басымдық берілуде. Биыл бес айдың өзінде кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көзден 23 миллиард теңгеге жуық қаржы қаралып, 1 700 жобаға қолдау көрсетілген көрінеді. Атап өтсек, «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында жыл басынан бері несие портфелі 8 миллиард 600 миллион теңгені құрайтын 168 жоба субсидияланған. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 76 мың бірлікті құрап, 33%-ға ұлғайыпты. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жастардың кәсіпкерлік бастамаларына 2,5%-бен жеңілдетілген несие берілген. Ал «Ауыл аманаты» аясында тағы да 2,5%-бен 3 миллиард теңгенің 454 жобасына жеңілдетілген несие ұсынылған. Мемлекеттік қолдаудың бұл шаралары негізінен өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталуда.

Халықты жұмыспен қамту мен жаңа жұмыс орындарын ашу – облыс алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Президенттің 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасына сәйкес былтыр өңірде 12 мыңнан астам жұмыс орны құрылып, жылдық жоспар 263 пайызға орындалыпты. Оның нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызға, жастар арасындағы жұмыссыздық 4 пайызға тұрақтап отыр. Одан бөлек, биыл «Өңірлік жұмыспен қамту Жол картасы» аясында жұмыссыздық деңгейін 4,8 пайызға дейін төмендету жоспарлануда. Осылайша, өңірлік картадағы жоспардың 43,3 пайызға орындалуына қол жеткізу мақсат етілген аймақта 19 мың жұмыс орны

құрылыпты. Оның 16 мыңға жуығы жаңа жұмыс орындары екенін де әкім ерекше айтып өтті.

Ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі салаларының бірі.

Табиғи-климаттық жағдайына байланысты аймақтың егіншілік саласы суармалы егіске негізделген. Биыл осы егіс алқабын 7 мың гектарға ұлғайтып, 196 мың гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп жатыр. Әртараптандыру жұмыстарын жалғастыру мақсатында мал азықтық және бақша дақылдарын, сондай-ақ негізгі дақыл – күріштің көлемін де ұлғайту жоспарланып отыр. Осы әлеуметтік маңызды дақылдарды егіп алуға ынталы тұрғындар үшін былтыр арнайы жер телімдерін дайындап беруді бастағандарын айтқан облыс әкімі: «Бұл игі бастама биыл да жалғасып, қала мен аудандарда 5 488 отбасына 3 мың гектардан астам жер берілді. Биыл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Сыр диқандарын мемлекеттік қолдау мақсатында «Азық-түлік келісімшарт корпорациясымен» күріш өнімін форвардтық сатып алуға қол жеткізілді. Келісімді тиімді іске асыру үшін Үкіметтің қолдауымен 1 миллиард 200 миллион теңге қаралды. Сондай-ақ Украина мемлекетінің ғалымдарымен бірлесіп өңірімізде демонстрациялық алаң ашылуда. Оның негізгі мақсаты – су тапшылығына байланысты тамшылатып суару әдістерін қолдану арқылы әртараптандыру бағытындағы дақылдардың, күріштің бірнеше сортын тәжірибе ретінде енгізу», – деді.

Сыр өңірінің экономикалық және экологиялық жағдайы, халықтың тыныс-тіршілігі өзен суымен тікелей байланысты. Сондықтан Сырдария өзені мен Арал теңізіне қатысты жағдай қашанда өзекті. Соңғы 12 жылда Солтүстік Арал теңізінің суы 8 миллиард 500 миллион текше метрге азайып кеткені сыр жұртшылығын ғана алаңдатпайды. Тұтас өңірдің тағдырына байланысты ахуал болғандықтан, Аралдың тағдырын Парламент пен Үкіметтің алдында да үнемі көтеріп келе жатқанын тілге тиек еткен Нұрлыбек Машбекұлы: «Мемлекетаралық келісімнің нәтижесінде былтыр теңізге 816 миллион текше метр су келсе, биыл бес айда 1 миллиард 600 миллион текше метр су түсті. Мемлекет басшысының қолдауымен былтырдан бастап «Көкарал бөгетін сақтап қалу» жобасы іске асуда. Бұл жоба келесі жылы аяқталады. Қолға алған ісіміз сәтті жүзеге асса, Көкарал бөгетінің бұзылу қаупі жойылып, теңізде су айналымы қалыптасады», – деп отыр.

Бүгінде аймақтағы өз мақсатына сай пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтарып, қайта айналымға қосу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Мәселен, былтыр 157 мың гектар жер қайтарылса, биыл 200 мың гектардан астам жерді қайтару қолға алынбақ. Сонымен бірге облыстағы ауылдарды дамытуға да ерекше ден қойылған. Облыс көлеміндегі ауылдық аумақтарға биыл 17 миллиард 100 миллион теңге бөлінген. Бұл қаржы елді мекендердің инженерлік-инфрақұрылымдарын жаңғыртуға, әлеуметтік нысандар құрылысын салу мен жөндеу жұмыстарына, мамандарды әлеуметтік қолдауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Осы жұмыстарға тұрғындарды ынталандыру мақсатында биылдан бастап өңірде «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Конкурсқа облыстық бюджеттен 467 миллион теңге бөлініп, «Үлгілі ауыл», «Үлгілі аудан орталығы», «Қызылорда қаласының үлгілі шағынауданы» номинациялары бойынша жеңімпаз анықталады. Тәуелсіз сарапшылардың төрелігімен анықталып, жеңімпаз атанған елді мекендерге 14 техника табысталмақ. Бұдан бөлек, қаланың жеңімпаз шағын аудандарына қосымша сквердер мен спорттық алаңдар салып, көше-аулаларға жарықтандыру жұмыстары жүргізілетін болады. Өңірді дамытуға арналған мұндай ынталандыруға бағытталған конкурсты аймақ басшылығы жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырмақ.

Журналистердің сауалына жауап берген облыс әкімі өңірдегі қолға алынып жатқан бірқатар жұмыстың жемісін беріп, алдағы жылдары да ел игілігі үшін атқарылатын жобалар жол үстінде тоқтап қалмайтынын айтты. Оның ішінде тұрғын үй саласы, инженерлік-инфрақұрылымды дамыту, халықты ауызсумен қамту, газдандыру мен автомобиль жолдарының жай-күйіне де айрықша ден қойылып отырғанын айтады. Бұл ғана емес, аймақтағы жылу-электр орталықтарының жұмысын жандандыру, жолаушылар тасымалдау қызметін жақсарту, денсаулық сақтау саласының даму динамикасын да арттыруға назар аударылады. Президенттің бастамасымен жүзеге асырылатын «жайлы мектеп» жобасы аясында облыста 21 мектеп бой көтермек. Бұдан бөлек, «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылордада дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың құрылысы басталыпты.

Өңірдің ажарын келтіріп, жұрттың жағдайын жақсарту бағытындағы бұдан басқа да жұмыстардың бірнешеуіне тоқталған облыс әкімі Сыр елін көркейтуге үлес қосып жатқан жергілікті кәсіпкерлер мен облыстан шыққан меценаттар да барын айтты. «Туған жерді бірге түлетейік!» үндеуі аясында олар да аймақтың дамуына белсенді араласып, қайырымдылық шараларына да қатысып келеді екен. Сөз соңында Нұрлыбек Нәлібаев аймақ халқы атынан осы игі бастамаларға қолдау білдірген жерлестеріне алғысын айтып, жұмыла көтерген жүк жеңіл боларын жеткізді.

Еркебулан ДҮЙСЕБОЛАТ *(коллаж)*

Қарағанды облысындағы басты мәселенің бірі – газдандыру. Қысты күні Қарағанды қаласы көк түтінге «қарық» болып қалса, Теміртау қысы-жазы ысқа тұншығуда. «Басты мәселе көмірден» деген шенділер газға көшуді 2019 жылы бастап кеткен болатын. Дегенмен бұл ауқымды шара созылып кетті. Қазір осы мәселе бойынша кеншілер қаласында күнде жиын…

ГАЗ МӘСЕЛЕСІ ТОЛЫҚ ШЕШІЛДІ МЕ?

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

ЖЕР ҮЙЛЕРДЕ ЖЫЛЖУ БОЛҒАНЫМЕН...

Жақында өңірде арнайы бағдарлама қолға алынды. Қалағандар «Тұрғын үйді жаңғырту орталығы» арқылы 5 жылға пайызсыз несие ала алады.

Бұл баспана жайлы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев айтты:

«Біздің алдымызда өңірді газдандыру және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту міндеті тұр. Бірақ қаржылық шығындарға байланысты орталық газға қосылу барлығына бірдей қолжетімді емес екенін түсінемін. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін бізде бірреттік төлем – 300 мың теңге. Ал осы санатқа жатпайтындар үшін арнайы бағдарлама әзірледік. Қарағанды облысының тұрғын үйді жаңғырту орталығы арқылы сіз орталық газға қосылу үшін 5 жылға пайызсыз несие ала аласыз. Биыл бұл бағдарламаны 300-ге жуық үй пайдалана алады. Келер жылдан бастап қатысушылар санын 500 үйге жеткіземіз. Бұл бағдарламаны пайдалану үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» компаниясынан техникалық шарттарды алып, одан кейін Тұрғын үйді жаңғырту орталығына жүгіну керек», – деді облыс басшысы.

Алғашқылардың бірі болып осы бағдарламаны пайдаланған Қарағанды қаласының тұрғыны Сәния Нығматуллина болса бағдарлама игілігін көргенін айтты:

– Біздің Речная көшесіне газ қыстың алдында әкелінді. Көктемге қалдыруды жөн көрдік. Дәл осы кезде керемет мүмкіндік туды. Бағдарлама туралы әлеуметтік желіден оқып, бірден «ҚазТрансГаз Аймаққа» техникалық шарттарды алу үшін бардым. Сома 749 мың теңгені құрады. Бөліп төлеу 5 жылға, ай сайынғы төлем – 12 500 теңге, – деді қала тұрғыны.

Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту орталығының директоры Данияр Дүйсембаев та бұл жоба туралы:

– Әрине, бұл – жақсы қадам. Адамдарға бірден көп ақша жұмсаудың қажеті жоқ. Сонымен қатар сапалы жұмыстарды жүргізуге мемлекет кепілдік береді. Біз бағдарламаның операторымыз. Бұл – республикадағы пилоттық жоба. Облыстық бюджеттен қаражат бөлінді. Несие рәсімдеу барынша жеңілдетілді. Барлығы тұрғындардың ширақтығына байланысты. Барлық құжат болған жағдайда жұмыстарды толықтай өткізуді рәсімдеу шамамен 10 күнді алады, – дейді.

Облыс орталығының тұрғын үйлерін газдандыру кезең-кезеңімен жүргізілуде. Бүгінде бұл қызмет 4 мыңнан астам абонентке қолжетімді, олардың төрттен бір бөлігі техникалық шарттарды алды. 808 газға қосылған.

Желі құрылысы да жалғасуда. Биыл үшінші кезең аяқталуы тиіс, бұл тағы 2 057 тұрғын үйді газбен қамтуға мүмкіндік береді.

Әрине, бәрі бірден бола салмасы анық. Қарағанды қаласының құрылыс бөлімінің басшысы Мұрат Камалиев қаланы газдандыру 2019 жылы басталғанын, жоба төрт кезеңнен және 16 іске қосу кешенінен тұратынын айтты.

...«ЖЭО» АСЫҒАР ЕМЕС

Жақында газдандыру мәселесі туралы өткен жиында Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожухов «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС бас директоры Сабырғали Ыдырысовқа экология тақырыбында сұрақ қойды. Қала басшысының «Қаладағы жылу электр орталығының отынның басқа түріне ауыстырудың теориялық мүмкіндігі бар ма?» деген сауалына Сабырғали Ыдырысов қазір жаңа қазандық салу жоспарланып отырғанын, компания басшылығы оны Экология және табиғи ресурстар министрлігі және Энергетика министрлігімен бірлесе отырып газға көшіру мүмкіндігін қарастырылғанымен, бірақ одан бас тартылғанын айтты.

– Біздің станса үшін жақын арада да газға көшу қарастырылмаған. Жаңа қазандық пен турбина міндетті түрде көмірмен жанатын болады, – деді Сабырғали Ыдырысов.

«Қарағанды Энергоцентр» ЖШС бас директоры 2027-2028 жылдары газ құбыры ЖЭО-1-де ғана пайда болатынын, бұл станса-ларды газға көшіру мәселесі әлі күн тәртібінде тұрмағанын айтты.

Мейрам Қожухов «ЖЭО-ны газға көшіру тұтынушылар үшін тарифті өзгерте ме?» деген сұрағына Сабырғали Ыдырысов «газ бағасы қымбат, ал ең арзан отын – көмір» деп жауап берді.

Бас директор сонымен қатар автоматтандырылған бақылау жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын, ол әрбір турбинаға орнатылуы тиіс және мониторда эмиссия көрсеткіштерін онлайн режимде көрсететінін айтты.

Одан кейін күл үйіндісі тақырыбы қозғалды. Мейрам Қожухов алдағы 10 жылда күл төгетін жер бар деді. Осыған қарамастан отынның басқа түрлеріне көшу мәселесін қарастыру қажет.

Сабырғали Ыдырысов көмірді пештерде толығымен жағу мүмкін емес, көмірдің 40 пайызы күлге айналады деп жауап берді.

Иә, көмірді жаққанда ауаға түтін тарап, жұрттың мазасын ғана алмай, қыста ақ қар қарайып жатқанына да көз жеткізіп жүрміз. Жел тұрса, көмір қалдығы күл де жақын жатқан ауылдарды көміп тастары хақ. Осы жағы да айтылды.

– Кем дегенде 1,5 миллион тонна күлді күл үйіндісіне тастауға мәжбүрміз. Сұрақ көп. Күлді неге қолдануға болмайды? Өткен жылы жол салушыларға 50 мың тонна күл бердік. Бірақ күлдің бүкіл көлемін жоқ қылу немесе біреуге беру мүмкін емес. Болашақта біраз перспектива болады деп ойлаймын, – деп жауап берді бас директор.

Әрине, газдандыру жалғасады. Сондықтан халыққа әлі біраз уақыт түтінге тұншыға тұруға тура келері анық...

Қарағанды облысы

Даму

ЕГІСТІК КӨЛЕМІ АРТТЫ

Еркебұлан ДҮЙСЕБОЛАТ *(коллаж)*

Аймақпен аттас Жамбыл ауданының әлеуметтік һәм экономикалық әлеуеті жыл санап артуда. 17 ауылдық округтегі 42 елді мекенде 88 мың халық тұрып жатса, оның 40,3 мың адамы экономикалық белсенділер қатарында.

Саятхан САТЫЛҒАН

Асыраушы саласы алшаң басқан ауданда 3 мыңға жуық агроқұрылым жұмыс істейді. Оның ішінде 4 өндірістік кооператив, 35 ауылшаруашылық кооперативі және 2 863 шаруа қожалығы бар.

Өткен жылдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 70,2 млрд теңге немесе 109,5 пайызға жеткен. Ал биылғы 4 айда ауыл шаруашылығы өнімінің шығарылымы 6,9 млрд теңгені құрап, мұндағы өсім 100,9 пайызды діттеп отыр.

Былтыр 58 471 гектар жерге астық, шөп, бақша өнімдері мен басқа да дақылдар егіліп, мол өнім жиналған. Ал шауаларды ағын сумен қамту үшін Тоғызтарау ауылындағы Аса өзенінің арнасына гидротехникалық ғимарат құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ Аса өзенінің арнасына шлюз орнату жұмыстары да қолға алынған.

Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстары да назардан тыс қалмаған. Былтыр шаруа қожалықтарға 709 млн теңгеге 131 ауылшаруашылық техникасы алынса, биылғы жылдың 4 айында 324 млн теңгеге 37 техника пайдалануға берілген.

– Шауалардың өнімдерін сапалы сақтау үшін қойма салу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Өлкеде 42 400 шаршы метр, сыйымдылығы 37 829 тоннаны құрайтын 113 қойма бар. Бүгінде мұнда 660 тонна сәбіз сақталады. Бұдан бөлек, 2023-2025 жылдары 4 жеміс және көкөніс сақтайтын қойма салу жоспарлануда. Олардың сыйымдылығы 1 560 тонна болмақ.

Аудан бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жайылым жер 177 мың гектарды құрайды. Бүгінгі күнге Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде 37 300 гектарды құрайтын жайылым жетіспеушілігі анықталып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жалпы көлемі 1 337 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Тұрғындардың тұрмыстық табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасымен Бесағаш, Өрнек, Қаракемер ауылдық округтерінің тұрғындары өз кәсібін ашып, жалпы 538 адам жұмыс орнымен қамтылды.

Бүгінгі күнге жоба аясында 532 жеке кәсіпкерге 2 млрд 263 млн теңгеге несие берілді.

Биыл баламасыз жобаның игілігін Айшабибі, Қарасу, Тоғызтарау ауылдық округтері көретін болады, – дейді Жамбыл ауданының әкімі Ерлан Қыдыралыұлы.

Ауданда 15 өнеркәсіп нысаны жұмыс істейді. Өткен жылы өнеркәсіп саласында 25,2 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 109,6 пайызды құраған. Сонымен қатар «АЕК АСА» жылына 50 Мегават күн сәулелі электр стансасын, «Ерсад-2021» тігінді емес материалдардан медициналық бұйымдар шығаратын зауытты іске қосқан.

Биыл ауыл шаруашылығы саласында 15,3 млрд теңгеге 91 жоба іске асырылып, 568 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланған. Өнеркәсіп саласындағы 60 жобаға 7,1 млрд теңге жұмсалып, 461 жұмыс орны ашылмақ.

Ауданда 7646 шағын және орта бизнес субъектісі тіркелсе, онда 7 915 адам жұмыс атқаруда. Өндірілген өнім көлемі – 6,1 млрд теңге.

Бизнестің Жол картасы бағдарламасы шеңберінде болса, 7 жобаға 220,7 млн теңгеге несие беріліп, 25 жұмыс орны құрылған.

Ауданның алға қойған кешенді, ұзақмерзімді жобалары да аз емес. Мәселен, 2025 жылға дейін жалпы құны 30,8 млрд теңгені құрайтын түрлі бағыттағы 115 инвестициялық жоба жүзеге асырылады деп күтілуде. Нәтижесінде, 793 адам жаңа жұмыс орнымен қамтылмақ.

Тағы бір жағымды жаңалық, биыл «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде 45 жоба іске асырылатын болса, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба бойынша жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 2 038 адам тартылған.

Алдағы уақытта ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішіне серпін беретін жобалар мен ауқымды жұмыстар атқарылып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру жұмыстары жалғаса бермек. Сонымен қатар аудан ажарын ашу мақсатында мұрағат, үш қабатты кітапхана, балалар мен тұрғындарға арналған ойын-сауық, сауда-саттық орталықтарының кірпіші қаланбақ. Мұнымен қоса, Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға арналған аллея мен орталық Абай көшесі заманауи үлгіде жаңғыртылады.

Міне, бұл аймақпен аттас ауданда атқарылып жатқан жұмыстың бір парасы ғана. Бұдан бөлек, әлеуметтік салада, тұрғын үй, ауызсу, көгілдір отын мен жол құрылысы сияқты бағыттарда да атқарылып жатқан толайым тірлік көп. Ең бастысы, елді мекен дамудың даңғыл жолына көш түседі. Егер ауданның экономикасы артса, әлеуметтің әлеуеті де жақсаратыны анық. Сондықтан баянды бастамалар жемісін беріп, тұрғындар игілігін көрсін деп тілейміз.

Жамбыл облысы

Мәселе

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты елімізде ауыл шаруашылығын өркендету жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан іргелі мекеме саналады. Сырдың басты дақылы – күріш шаруашылығын өрістетіп, өндірісті жаңа сұрыптармен толықтырып отырған институттың ғылыми-зерттеу жолында жеткен жетістіктері де жетерлік. Алайда білікті ғалымдардың басын біріктірген мекеменің соңғы жылдары ахуалы күрт төмендеп кеткен.

КҮРІШ ИНСТИТУТЫНАН КҮЙ КЕТТІ

Сыр өңіріндегі іргелі ғылым ордасының тоқырап тұрғаны соңғы жылдары жиі айтылып жүр. Басқасын айтпағанда, ғылыми институттың бас ғимаратының тозығы жетіп, жөндеу көрмегеніне біраз жыл болды. Сапасы сыр берген ғимаратта жұмыс істеп жатқан ғалымдарға ешқандай жағдай жасалмай тұр. Соның салдарынан ғылыми орталық қызметкерлері мемлекеттен қолдау болмай, қаржылық тоқырауға ұшырап, өлместің күйін кешіп отырғанын айтып отыр.

Ең алғаш аталмыш мекеме 1933 жылы Бүкілодақтық Күріш тәжірибе стансасының қарамағындағы Қызылорда күріш тәжірибе егістігі болып құрылған. Содан бері атауын бірнеше мәрте өзгерткен ғылыми-зерттеу орталығы бүгінде іркіліссіз ізденістің нәтижесінде өміршең жобалар бойынша жұмыс жүргізіп, жемісті жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Дейтұрғанмен, ғылыми жаңалыққа ден қойып, жаңа сұрыптар дайындауға еңбек етіп жүрген ғалымдар қауымы қолдауға зәру.

«Қазір институттың ахуалы өте төмен. Биыл мекемеден 2023 жылғы базалық қаржыландыруды мүлде алып тастады. Жалпы, елімізде 13 ғылыми мекеме мемлекеттік қаржыландырудан қағылып отырғаны мәлім. Соның қатарында Күріш институты да бар. Қазір ғылыми орталық қызметкерлері 6 айға жуық уақыт бойына еңбекақысыз отыр. Тек қызметкерлердің айлықтары нысаналы қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде ғана жүргізілуде. Бұл бағдарлама негізінде бізде 4 жоба бойынша жұмыс жүргізіледі. Яғни, белгіленген шарттарға сәйкес қосымша қызмет көрсетеміз. Аталмыш бағдарлама 2021-2023 жылдарға арналғанын ескерсек, биыл бұл жобалар негізіндегі жұмыстар да аяқталады. Соған орай қосымша табыс көзі тоқтап, еңбекақы төлеу мәселесі тіпті қиындай түспек», – дейді Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты басқарма төрағасының ғылыми істер жөніндегі орынбасары Жанар Жұмаділова.

Қаржы тапшылығының қолбайлау болғаны салдарынан биыл көктемгі егіс жұмыстарын да бастау қиынға соққан. Соған орай басқарма басшысы «Жан-арай» ЖШС-мен бірлесіп жұмыс жүргізуге шешім қабылдап, әупірімдеп жүріп, көктемгі егіс жұмыстарын ұйымдастырыпты. Сонымен қатар институттың өндіріс орнын да осы серіктестік қаржыландырып отырса керек. Бұл тұрғыда барлық қажетті техника мен жанар-жағармаймен қамтып келеді екен.

Қазір ғылыми орталықта селекциялық жұмыстар мүлде тоқтап тұр деп айтуға болады. Себебі ғалымдарға бірде-бір қолдау жоқ. Мәселен, мемлекет тарапынан жаңа сұрыптар дайындауға талап қойылады. Бұл жұмыстарға кемі 8-10 жылдай уақыт қажет. Ғалымдарға мемлекеттен қолдау болмағандықтан, ұзақ жыл бойы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік жоқ. Институт басшылығы осылай деп мұңын шақты.

«Қазір ғалымдардың ғылыми жұмыстарымен айналысып, жаңа сұрыптар дайындауға мүмкіндігі жоқ. Оның үстіне, шаруашылықтар қажетті тұқымдарды жыл сайын сырттан тасымалдап жүр. Бұл да ғылыми институттың жұмысын жандандыруға кері әсерін тигізуде. Яғни, ғылыми орталықтың дайындаған тұқымына сұраныс болмайды деген сөз. Бүгінде өзіміз дайындаған әлемге әйгілі «Маржан» сорты сырттан жеткізілген жаңа сұрыптардың салдарынан ауруға шалдығып отыр. Бұл күріш сұрыбы 2006 жылдан бері «перекулез» деген індетке душар болды. Сондықтан оған деген сұраныс күрт төмендеді. Соған сәйкес, бүгінде «Сыр сұлуы» мен «Айсара» атты жаңа сұрыптарды әзірледік. Соның ішінде «Сыр сұлуы» сортын былтыр өз қаражатымыздың есебінен шаруашылықтарға енгіздік. Нәтижесінде, облыстың 40 пайызға жуығын осы күріш түрімен қамтамасыз еттік. Ал «Айсара» сұрыбының перспективасы өте жоғары деп айтуға болады. Бұл сұрыпты әзірге өзіміздің тұқым бағымызда көбейтіп жатырмыз», – дейді Жанар Шәдібекқызы.

Басқарма төрағасының орынбасары «Айсара» сортының өнімділігіне байланысты шаруашылықтардан үлкен сұраныс түсіп жатқанын алға тартады. Алайда бұл күріш сұрыбы әлі де өндіріске енгізілмегенін жеткізді. Ал қолданыстағы сорттарға деген сұранысты арттыру үшін мемлекет тарапынан үлкен қолдау қажет. Бұл тұрғыда жыл сайын шаруашылықтарға күріш тұқымын жергілікті ғылыми институттан алу міндеттелсе деген уәжін білдіріп отыр. Соған орай жылма-жыл белгіленген мөлшерде тұқым дайындап, бірқатар қаржылық қиындықты еңсеруге бетбұрыс жасалар еді деген пікірде.

Материалдық-техникалық базасы сын көтермейтін күйге жеткен ғылыми орталықта маман тапшылығы да сезіледі. Мекемеге жас мамандар келгенімен, ұзақ тұрақтамайды. Мұны қаржы тапшылығына байланысты еңбекақының уақытылы берілмеуімен байланыстырады.

Қаржы тапшылығының қолбайлау болғанына қарамастан, институт ғалымдары алдағы уақытта да жаңа сұрыптар шығаруға иек артып отыр. Қазірдің өзінде күріштен бөлек арпа дақылының жаңа сұрыптарын дайындауда. Ғалымдар жаңа технологияларды да қолданысқа енгізуге ынталы. Алайда үлкен нарыққа шығуға мемлекеттен қолдау күтеді.

Жалпы, 90 жылдық тарихы бар ғылыми орталық Вьетнам мемлекетімен, Корей, Филиппин, Ресей елдерімен ішінара болса да, тығыз әріптестік байланыста жұмыс жүргізуде. Осылайша, алыс-жақын шетелдермен байланысты үзбей, мүмкіндігінше тәжірибе алмасып келеді.

Сондықтан институт тарапынан еліміздің ғылым саласын өркендетуге бетбұрыс жасалып, мекемені базалық қаржыландыру мәселесі оңтайлы шешімін тапса деген талабын жеткізді. Қазіргі ахуал түзелсе, шетелдермен әріптестік байланысты бұдан әрі нығайтып, өміршең жобаларды жүзеге асыруға ниет білдіріп отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Абай облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң өзгеріс бар. Аймақтың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес, биылдың өзінде 1604 жұмыс орнын ашылып, 8 жоба іске асырылып жатыр. Одан бөлек, биыл өңір халқын таза ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында 17 млрд теңгеге 54 жоба іске асырылмақ. 2024-2025 жылдары су құбыры желілерінің 19 жобасын салу жоспарланған. Бұл туралы Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев айтты.

АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ АДЫМЫ АЛШАҢ

Ұранхаевтың айтуынша, былтыр өңірдің қысқамерзімді экономикалық индикаторы 104,9%-ды құраған. Ең үлкен өсім – жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің санында, ол 120,4%-ға, өнеркәсіп өнімі 109,7%-ға, құрылыс 108,8%-ға, өңдеу өнеркәсібі 106%-ға артқан. Ал негізгі капиталға салынған инвестициялар 8,2%-ға өсіп, 420 млрд теңгені құраған. Ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару 473 млрд теңгеге жетсе, бұл өсім мал шаруашылығындағы өндіріс көлемін 4,1%-ға ұлғайту есебінен қамтамасыз етілген.

Абай облысында тіпті пайдалануға берілген тұрғын үй саны да көбейген.

«340 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Өсім арқылы 3 352 отбасы тұрғын үймен қамтылды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша орташа айлық жалақы 24,2%-ға өсіп, 260 мың теңгені құрады», – деді Абай облысының әкімі.

Нұрлан Ұранхаевтың сөзінше, облыста биыл небәрі 4 айда құрылыс секторы 159,8%-ға, инвестициялар 112,9%-ға, өңдеу өнеркәсібі 121,3%-ға, тұрғын үйді пайдалануға беру 105,3%-ға, ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім 102,7%-ға өскен. Сумен жабдықтау объектілерін қаржыландыру 2,5 есе, жолдарды жөндеуді қаржыландыру 2,3 есе артқан. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласын қаржыландыру 1,4 есеге, әлеуметтік қорғауды қаржыландыру 1,5 есеге көбейген.

«Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын инвестициялау көлемі – 1,9 трлн теңге. Онда 102 шара қамтылған. 2028 жылға дейін инвестициялық жобалар пулы жасақталды. Оған 6,8 мың жұмыс орны құрылып, 870 млрд теңгеге 43 жоба іске асады. Оның ішінде биыл 1 604 жұмыс орнын ашатын 8 жоба іске асырылып жатыр», – деді Н. Ұранхаев.

2024-2025 жылдары су құбыры желілерінің 19 жобасын салу жоспарда бар.

АТЫРАУДА МАСАМЕН КҮРЕС БАСТАЛДЫ

Атырауда биыл масаны төрт түрлі препаратпен улап жатыр. Бұл туралы Атырау қаласы әкімдігі баспасөз қызметі мәлім етті.

Масаны улау үшін AG Dezinfection Services ЖШС мердігер ретінде таңдалған. Серіктестік бас директорының орынбасары Гүлсара Ходжибекованың айтуынша, улау жұмыстары сағат 21:00-ден соң жүргізіледі.

«Біз жыл сайын масаны улау препараттарын ауыстырып тұрамыз. Биыл фосладин, фослад 50, антиинсект, мистин деп аталатын төрт препаратты қолданып отырмыз. Мұндай препараттардың адам денсаулығына әсері алдын ала зертханада тексеріледі. Содан соң ғана қолданылады», – дейді Гүлсара Ходжибекова.

Оның берген дерегінше, масаны улау жұмысына арнайы 25 маман, жел генераторы бар 6 ГАЗель, 5 салқын тұман шығаратын генератор, 3 ыстық тұмандатқыш генератор, 10 бүрку техникасы бөлінген.

«Біздің мамандар Атырау қаласындағы шағынаудандар мен саябақтарда, тұрғын үй алабы мен көшелерде масаға қарсы у шашу жұмысын жүргізеді. Мұндай жұмыс шаһар маңындағы «Бірлік-1», «Бірлік-2», «Көкарна», «Водников», «Ширина», «Ақжайық», «Жұмыскер» елді мекендерінде атқарылады», – деді Гүлсара Ходжибекова.

Еске сала кетелік, Атырауда биыл масаны улауға 50,4 млн теңге бөлінген. Әкімдіктің мәліметінше, кестеге сәйкес масаны жою жұмыстары бірінші кезекте көпқабатты тұрғын үйлердің жертөлесі мен кіреберістерінде жүргізіледі. Бұдан кейін дезинсекция жұмыстары тұрғын үйлер алабы мен саябақтарды қамтиды.

«Тендерлік конкурстың жеңімпазы атанған AG Disinfection ЖШС-дан бөлінген үш бригада құрамында 25 маман мен 45 арнайы техника бар. Қазір арнайы мамандар роторлы бүріккішпен масаны улауды қолға алды. Биыл бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 50 млн 400 мың теңге бөлінді», – деп хабарлады Атырау қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі.

«Қазіргі жастар кітап оқымайды» деген пікірді ересектерден жиі естиміз. Бұл пікір қаншалықты дұрыс? Жастар расымен де, Шаханов айтпақшы, «компьютербасты жарты адамдарға» айналып бара жатыр ма? Әлде олар оқитын дүние бұрынғы әдебиеттерден басқаша ма? Осы сұрақтарға жауап іздеп, жастар арасында сауалнама жүргіздік.

ЖАСТАР не оқып жүр?

Аружан ДӘРІБАЙ, Астанадағы Жоғары медициналық колледждің 2-курс студенті:

ЗАМАНАУИ АВТОРЛАРДЫҢ ТІЛІ ТҮСІНІКТІРЕК

Соңғы оқыған шығармам – Жоэль Диккердің 2020 жылы детектив жанрында жарық көрген «Загадка номера 622» романы. Швейцарияда 1940-50 жылдары болған қылмысты жарты ғасырдан кейін ашуға тырысқан роман кейіпкерінің іс-әрекеті, оқиға желісі өте қызықты. Романды тіпті Forbes журналы 2021 жылы бестселлерлер қатарына жатқызған. Өзім медицина саласында жүргендіктен, отандық шығармалардан Төлен Әбдіктің «Оң қол» повесть-әңгімесін айта аламын. Шығармадағы дәрігер мен пациент арасындағы сенімнің махаббатқа ұласқаны қызықтырғанымен, соңы өкінішті аяқталғаны көңілімді түсірді.

Заманауи жазушылардың шығармалары өте түсінікті тілмен жазылғаны қуантады. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолын» қарасақ, сөздерін оқу да, түсіну де қиын. Ал қазіргі шығармалардың тілі өте жеңіл әрі түсінікті.

Дильназ РАФАИЛОВА, Абай облысы Аягөз ауданы Қарағаш ауылы Ж.Жабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектептің түлегі:

САНАҢ КИНО КӨРІП ОТЫРҒАНДАЙ ӘСЕР АЛАСЫҢ...

Чилилік жазушы Исабель Альенденің реализм жанрындағы «По ту сторону зимы» романын өте қатты ұнатамын. Оқиғалар негізінен Америкада, Нью-Йоркте өтеді. Шығармада махаббат, жалғыздық сияқты сезімдер автордың тілімен керемет жеткізілген. Әсіресе «Қыстың қақ ортасында мен өз жүрегімде жаймашуақ жаз орнағанын түсіндім» деген сөйлем маған ерекше әсер еткенін айта кеткім келеді. Басты кейіпкер – Лусия есімді жалғызбасты әйел. Оның әрбір естелікті баяндауы маған ерекше сезімдерді сыйлай алды. Оның бойынан нағыз әйелге тән образды көре алдым. Екінші кейіпкер – Ричард. Лусия екеуінің арасында махаббат болмаса да, ерекше қарым-қатынас пен сыйластық, қамқорлық бар. Роман ерекше композициялық желісімен қызықтырады. Кітаптың әрбір сөзінің астарында ерекше үн, ой, түйін бар. Оқиғалар оқырман санасына ерекше жеткізілген. Оқи отырып, көз алдыңа әдемі бейнелерді елестете аласың. Қыстың қалай өткенін, Америкадағы Рождество, махаббатқа құштарлық, катастрофалық жағдайлар – бәрі-бәрі әдемі сипатталған. Қысқаша айтқанда, санаң өзі бір кино көріп отырғандай.

Дариға СУЛИКОВА, Сүлеймен Демирел университеті журналистика факультетінің 1-курс студенті:

ЖҮРЕКТІ ЕЛЖІРЕТЕР ТУЫНДЫ

Соңғы және бірнеше қайтара оқыған шығармам – Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы. Соғыстан кейінгі кезең, журналистика мамандығында оқитын бір топ жастың өмірі мен қос ғашықтың махаббаты жайлы бұл кітап мені ә дегеннен-ақ баурап алды. Жүректі елжіретер туынды. Әр оқыған адам өзі үшін сабақ, тәлім-тәрбие алатын шығарма. Өзім кітапты алғаш рет 2021 жылы оқыдым. Бұл кітаптың жастар арасында енді-енді танылып келе жатқан сәті еді. Еш ойланбай кітап сататын дүкеннің бірінен сатып алдым да, бір демде оқып шықтым. Қазіргі таңда оқып жүрген кітаптарымның барлығы-дерлік – соңғы 5-6 жылда жарық көрген кітаптар. Бүгінде фикшн мен нон-фикшн жанрында жазылған кітаптар аса танымал. Кейінгі толқын жазушыларының бірі ретінде Джон Кехоны білемін. «Подсознание может все!» атты кітабы адам миының жұмысы, түпсана жайлы қызық ақпарат береді.

Іңкәр БЕКБОЛАТОВА, Еуразия ұлттық университеті журналистика факультетінің 1-курс студенті:

ДІНИ КІТАПТАРҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМ ЖОҒАРЫ

Ең сүйікті шығармам – «Махаббат қызық мол жылдар» романы. Роман қиын-қыстау заманда өмір сүрген рухты студенттер жайлы баяндайды. Кітап Ерболдың ерлігімен, Меңтайдың тағдырымен қызықтырды. Ал заманауи жазушылардан Данияр Сүлейменовті айтар едім. Көп діни кітап жазған. Солардың ішіндегі «Рух», «Әйелдерге 30 хадис» кітаптарын сүйсіне оқып шықтым.



Эльнура СЕЙДАЛЫ, Астанадағы Жоғары медициналық колледждің 1-курс студенті:

БАСҚА БӘЛЕ – ТІЛДЕН

Бірінші оқыған кітабым – Ф.Четиннің «Ғайбат» кітабы. Кітаптың ерекшелігі – тіл зинасын жасаудан тыяды. Көбіміз осы ғайбаттың қаншалық ауыр нәрсе екенін біле тұра кейде сөздің тереңіне үңіле бермейміз. Кітапты оқи отырып, әр сөзді айтпас бұрын ойланатын боласыз. Артық сөз сөйлемеуге, орынды сөйлеуге септігін тигізеді. Асыл дінімізде адамды неге ғайбаттауға болмайтынына жауап таба аласыздар.

Әсем ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА, Астанадағы Жоғары медициналық колледждің 1-курс студенті:

ІСКЕРЛІК ӘДЕБИЕТТІҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

Жақында кәсіпкер Қуаныш Шонбайдың «Екінші болма» атты кітабын оқып бітірдім. Қазіргі көпшілік адамның бойында жалқаулық пен еріншектік басым. Кітапта жаман қасиеттен арылуға, бастаған істі соңына жеткізуге көмектесетін амалдар мен кеңестер берілген. Адам үлкен жетістікке жету үшін өзімен жұмыс істеп, психологиялық жағынан дамығаны дұрыс. Ал қазір осындай психологиялық кітаптардың көптеп шығып жатқаны қуантады.

Түйін:

Тағы бір байқағанымыз, манга мен комикске қызығатын жастарымыз да аз емес екен. Алайда бұлар көбіне орыс және ағылшын тілінде. Осыны естіп, «әттең, осындай дүниелерді неге қазақ тілінде шығармасқа?!» деген ой келді. Жастар «Халк», «Темір адам», «Өрмекші адам» комикстерінің орнына өзіміздің «Таусоғар», «Желаяқ», «Толағай» комикстерін оқып жүрсе қандай тамаша болар еді?! Шаң басқан архивтерден табылатын құнды кітаптарды неге жаңартып, жастарға қызықты етіп, бейімдеп ұсынбасқа? Сондай тың дүниені жарыққа шығарсақ, телефон экранына үңілмей, кітап бетін парақтар жас та көбейер еді...

Аяжан ИСИНА,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс студенті

МӘҢГІЛІК ЖҮРЕКТЕСІЗ, МЕЙІРМАН ӘЖЕ!

Әзиза әжеміз 1938 жылдың 20 шілдесінде Ташкент қаласында дүние есігін ашқан. 10-сыныпты бітірген соң, медучилищеге оқуға түседі. Оны абыроймен тәмамдап, зейнет жасына дейін медицина саласында қалтқысыз қызмет істеді.

Әзиза әжемнің Құдай қосқан қосағы Шәкең ақсақал Тау-кен құтқарушылар бөлімінде командир болып жұмыс істеген. «Адам жанына араша болсақ» деп бір арманның тұлпарын мінген екі жас білім қуып жүріп, бірін-бірі тапқан. Ойлары жарасып, соның нәтижесінде асыл мұраттарына жеткен. Еңбекте еленіп, өз ортасында «хансың» деп, «ханға лайық жансың» деп бағаланған. Алты бала өсіріп, оларға ұлағатты тәлім-тәрбие беріп, қатарынан қалдырмай оқытып, тоқытқан. Бүгінде сол алты ұл-қыздан 20 немере, 38 шөбере бар.

Әзиза әжем – отбасында да, жұмыста да адалынан тер төгіп, айналасындағыларға нағыз үлгі бола білген жан. «Мен таңғы тоғыздан кешкі алтыға дейін ғана жұмыс істеймін. Қалған уақытта бала-шағамның ортасында болуым керек» деп, қызметте жүргенінде ешбір жанға тіл қатпапты. Оқыс жағдай бола қалса, күн-түн демей, құрал-жабдықтарын асынып, аттанып кете барған. Бұл – ата-анадан сіңген асыл қасиет.

Әзиза әжемнің «Әзентай» деп еркелетіп өткен ата-енесінен алған тәрбиесі көп. Ол жайында өз естелігінде: «Өтірік айтпауға, әр кезде сөзді тыңдауға, үлкендерге құрметпен, кішілерге ізетпен қарауға, үйге қонақ келсе, «нан қойсаң да, күліп бер» деп үйретті. «Менің көзім тірісінде үйреніп ал, мен дүниеден өткенде ағайынға басшылық етесің» деп айтатын. Ол кісі дүниеден өткенде төрт қайным да бойдақ еді. Сол төрт баланы жолдасым екеуміз алып шықтық. Оқыттық, әскерге жібердік, үйлендірдік».

Шәкең ақсақал мен Әзиза әжемнің ағайын арасында беделі биік еді. Қай туысқан болсын, қайбір істе де осы кісілермен кеңесетін, ақыл сұрайтын. Бұл – адал еңбекпен өрілген өмірдің тартуы шығар.

Әзиза әжем қай кезде де жастарға: «Жақсы оқып, әдепті болыңдар, әрбірің мамандық алыңдар, сол мамандықты жақсылап меңгеріңдер. Ата-аналарыңның айтқанын істеңдер. Еш ата-ана баласына жамандық ойламайды. Жүректеріңді таза ұстаңдар» деп өсиет айтудан шаршамайтын. Артындағы ұрпағы сол өсиетін үнемі санасында сақтап, өмірде ту етер принциптеріне айналдырары анық.

Әзиза Тәжібаеваның екінші мәңгілік ғұмыры басталды. Әзиз анамыз көрмеген көшесінен жарылқасын.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын!

Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

ОТАНДЫҚ ҚОЙЫЛЫМ ОЗЫП ШЫҚТЫ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» ұйымына қарасты Astana Musical мемлекеттік театры сахналаған «Роза Бағланова» қойылымы Оңтүстік Кореяда өткен Daegu International Musical Festival фестивалінде «Үздік халықаралық мюзикл» номинациясын жеңіп алды.

Аталмыш байқау – жыл сайын Оңтүстік Кореяның Тэгу қаласында әлемнің түкпір-түкпірінен театрлар мен шығармашылық ұжымдарды жинайтын беделді халықаралық мюзикл фестивалі. Биыл ол 17-рет өтті. Astana Musical ұжымы оған алғаш рет қатысты. Әртістер Кореяға Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен барды.

Қазақстандықтар бір марапатпен шектелмеді. Қойылымда басты кейіпкер Роза Бағланованың рөлін сомдаған актриса Зарина Макина үздік әйел рөлі үшін жүлдеге ие болды. Ол Англия, Германия және Франциядағы әріптестерінен басым түсті.

«Бұл – Қазақстан театр өнерінің айшықты жетістігі. Astana Musical әртістері көрермен қауымды талантына тәнті етіп, әлем жұртшылығының қазақ мәдениеті туралы биік көзқарас қалыптастыруына сеп болды. Мен елімізге жеңіс сыйлаған әртістерге алғыс айтамын және оларды шын жүректен құттықтаймын. Оларға сарқылмас шабыт пен жаңа шығармашылық биіктерді бағындыруды тілеймін», – деді Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Шынболат КҮЗЕКБАЙ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4311
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ